

Қазақияны отарлау үшін патшалық Ресей тарапынан жүргізілген дайындық шаралары

- ❖ *Экспедициялық жорықтар.*
- ❖ *Барлау-тыңшылық әрекеттері.*
- ❖ *Белдеу-шен және бекіністердің пайда болуы.*
- ❖ *Орыс-казак жасағының отарлау ісіне араласуы.*
- ❖ *Орыстандыру саясатының жүргізілуі.*
- ❖ *Түркі-қыпшақ тектестерді араздастыру ісі.*
- ❖ *Қолдан арнайы қырғын-сүргін ұйымдастыру шарасы.*
- ❖ *Құл саудасының жүргізілуі.*
- ❖ *Орыс саудагерлерінің отарлау ісіне тартылуы.*
- ❖ *Салық саясатының заңдастырылуы.*

Экспедициялық жорықтар. Қазақияны отарлау үшін Ресей империясы алдымен экспедициялар жасақтап, барлау жұмыстарын жүргізді. 1383 жылдың өзінде миссионерлік бағытта құрылған топ XV ғасырдың басында Оралға бірнеше әскери жорық жүргізді. Скрыб отряды 1465 жылы, Пестр отряды 1472 жылы Об өзеніне дейін жетті. 1483 жылы князь қара Ф. Курбскийдің мергендер отряды Искер қаласына дейін барды.

Ал, қазақ даласы мен Орта Азияны барлау үшін алғашқы экспедиция 1713 жылы жасақталды. Оны Александр Бекович-Черкасский басқарды. Ресей билеушілері өздерінің озбыр саясатын қолдаған кіші халықтардан шыққан сатқын өкілдердің қолтығына су бүркіп, түрлі әскери, дворяндық шен, титулдарды аямай үлестіріп, өз мақсаттарына пайдалана білді. Сондай саясат торына түскендердің бірі жоғарыдағы қабардин бегі Бекович-Черкесский еді. Оған «князь» атағы берілді (*М. Құл-Мұхаммед. Орыс энциклопедиясындағы қазақ шежіресі. – Алматы: Атамұра, 1994. – 122-б.*).

Осы Бекович-Черкасскийді І Петр патша болашақта Азияны отарлау жоспарына пайдалану үшін 1707 жылы «әскери өнер үйренсін» деп Еуропаға оқуға жібереді. 1713 жылы оқуын тәмамдаған князьға Орта Азияны барлау экспедициясын басқартады. Құрамында 4000-ға жуық мүшесі бар экспедиция Астраханнан шығып, Гурьевке келеді. Одан Ембіні көктей өтіп, Хиуаға беттейді. Бұл экспедицияны хиуалықтар достық сыңай танытып қабылдайды да, алдап соғып бәрін қырып тастайды. Бұл қырғыннан бірде-бір экспедиция мүшесі аман қалмайды, Бекович-Черкасскийдің өзі де қаза табады.

1714 жылы І Петр патшаның атына Сібірдің бірінші губернаторы Матвей Гагарин жіберген хат келіп түседі. Онда қазақ даласын барлау, игеруді Ертіс дариясы арқылы іске асыруға болатыны айтылған. Осы хатқа І Петр патша:

«Ертісті өрлей жүзетін экспедиция жасақталсын, Ямышев көлі жанынан бекініс салынсын!», – деп қол қояды (// «Жұлдыз», №2, 1984. – 189-б.).

Бұл жерде орыс патшасы Сібір губернаторының хатын басшылыққа алып отыр. Ал, губернатор Ямышевке бекініс салу жайын қалай білді дегенге ойыссақ, бұдан көп бұрын аталмыш өңірге жасырын бірді-екілі орыс барлаушы-тыңшылары барып, жағдайды біліп, мәлімет жинағаны белгілі.

Хиуа оқиғасынан сабақ алған Ресей билеушілері аса сақтықпен, Ертіс бойын барлау үшін Бухгольц экспедициясын жасақтайды. 1714 жылы маусымда жолға шыққан 4 мың адамдық экспедиция Ертісті бойлай жүзіп, қазақ даласына дендеп енген соң, Ямышевск (қазіргі Павлодар об. Аққу ауданы жерінде) бекінісін салды.

Одан әрі жылжуға Жоңғар шеріктері қарсылық көрсетіп, ерік бермейді. Ойрат билеушісі Цевен-Рабдан өзінің немере інісі Церен Дондукты жасағымен жіберіп, орыстарды бекіністі тастап кетуге мәжбүрлейді.

Осы қақтығыс кезінде швед артиллериясының сержанты, еврей тұқымдас Иоган Густав Ренат (1682-1744) ойраттар қолына түседі. Ренат – швед әскери қызметкері және картограф. Шығыс Түркістан және Жоңғария картасын тәптіштеп жасаған алғашқы еуропалық.

Бұл экспедиция қайтар жолында Омбы өзенінің құйғанына тағы бір бекініс орнатып, оны «Омск» деп атады. Орыс жылнамасында «Аталмыш экспедиция өте табысты оралды» деп жазады. Себебі, бұлар Ертіс бойындағы 800 шақырым жерді барлап, Ресей үкіметіне бұл жерді «иелік етуге болады» деген нақты жоба ұсынды.

Ресей патшасы отарлау ісіне қатысты, жіберілген кішкентай қателіктің өзін кешірмеді. Мысалы, Бухгольц экспедициясының кейбір сәтсіздіктеріне қатысты экспедиция басшысы Бухгольцті түрмеге жапса, дер кезінде көмек көрсетпегені үшін Сібір губернаторы князь М.П.Гагаринді Петерборда дарға асты.

1717 жылы Бухгольц экспедициясы Петерборға оралған соң, іле-шала ізін суытпай, полковник П. Ступин басқарған екінші экспедиция жолға шықты. Бұлар іргесі қаланған Ямышев (Жәміш) бекінісіне тұмсық тіреп, құрылыс жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар П. Северский басқарған отряд Железинск бекінісін салуды қолға алса, В.Чередов басқарған екінші отряд Семей бекінісінің іргесін тұрғызды. 1731 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырдан ант қабылдатып алған ресейліктер Кіші жүз шебін қауіпсіз санап, Хиуа, Бұқар, Қоқан хандықтарына жорық-экспедициясын ұйымдастыруды көздеді. І Петрдің нұсқауымен 1734 жылы қырғыз-қайсақ экспедициясы құрылды.

Оны патшаның сенімді серігі И.К.Кириллов (1689-1737) басқарды. Оның көмекшісіне қазақтардың тілін, дәстүр-салтын жақсы білетін А. Тевкелев

тағайындалды. Бұл экспедиция тарихта «Орынбор экспедициясы» деп аталды. Міндеті: қазақ даласының жер жағдайын зерттеу және жер бедерін картаға түсіру еді. Аталмыш экспедиция отарлау стратегиясын жүргізудің қызметін атқарды. Нәтижесінде, Кириллов *«Қырғыз-қайсақ ордалары туралы түсіндірулер»* атты еңбек жазды.

Осы экспедиция басшысы Кирилловқа қатын патша өз тарапынан тікелей 18 мамыр күні былай деп тапсырма берген:

- Ордада болып жатқан оқиғалар жайлы хабар алып келу;
- Қазақтардың жоңғармен соғысы жайлы толық мәлімет білу;
- Қазақтардың Ресейге көзқарасы қандай?
- Жоғарыдағы мәселелерді толыққанды атқару үшін башқұрт пен

қазақтардың арасынан сенімді адамдарды іріктеп, сол өңірге жіберіп (тыңшылық мақсатында) олар әкелген мәліметті Сібір губернаторына хабарлау (*Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. Құжаттар жинағы. – Алматы, 1961. –115-б.*).

Кирилловтан кейін бұл істі В.И. Татищев (1686-1750) қолға алды. Ол өзініңғылыми еңбектерінде қазақтардың тұрмысын, мінез-құлқын, мәдениетін сипаттап жазады.

Осы экспедиция Қазақияның батыс өңіріне барлау-зерттеу тыңшылық жұмысын жүргізу барысында қазақтар тарапынан болуы мүмкін шабуылды болдырмауға Әбілқайыр хан кепіл етіп отырды. Нәтижесінде Әбілқайыр ханға қарасты аумақты басып, тарихта тұңғыш рет Орта Азияға патшаның сауда керуені өтті.

1768-1774 жылдары Қазақ даласын барлау экспедициясының бірін өлкетанушы ғалым П.С. Паллас (1741-1811) басқарды. Ол зерттеу жұмысының қорытындысы ретінде 1773 жылы *«Ресей империясының әр түрлі провинциялары бойынша жасалған саяхат»* атты үш томдық еңбегін жазды.

Одан кейін жоғарыдағы Паллас экспедициясының құрамында қызмет жасаған ғалым И.Г.Георги 1796 жылы өзі дербес экспедиция ұйымдастырып, *«Ресейді мекендейтін халықтардың тұрмыстық әдеттері, өмір сүру, киім кию және басқа назар аударарлық ерекше сипаттамалар»* атты еңбегін жазды.

Ресей Ғылым академиясының корр-мүшесі П.И. Рычков (1712- 1777) Қазақияның батыс өлкесін зерттеп, *«Орынбор тарихы»*, *«Орынбор губерниясының топографиялық сипаттамасы»* атты еңбектер жазып, қазақ фольклорының үлгілерін жинады.

Қазақ даласын зерттеген тағы бір адам – орыс офицері И.Г. Андреев. Ол 1795 жылы *«Қырғыз-қайсақтың Орта жүз бөлігінің сипаттамасы»* атты еңбек жазды. Бұл кітапта Орта жүз қазақтарының әдет-ғұрып, салт-жоралғылары жан-жақты баяндалған.

Жоғардағы жорық-экспедициялар Қазақ жерінің картасын жасап, болашақ отарлау ісіне пайдалануды көздеді. Осындай мақсатта жасалған ҚР Орталық мемлекеттік мұрағат қорында сақталған бірнеше тарихи карта бар.

Бірінші карта. 1816 жылы жасалған «Орта Азияның қырғыз-қайсақтар, қарақалпақтар, түркімендер, бұқаралықтар жеріне қатысты бөлігінің картасы».

Екінші карта. «Сібір және Орынбор қырғыздарының (қазақтардың) арасындағы шекараның Бас штабы» атты құжат. Бұл картаны поручик Пеховский және топографтар Алексеев пен Яковлевтер 1841 жылы жасаған.

Үшінші карта. Сібір және Орынбор қазақтарының арасындағы шекараны белгілейтін, 1864 жылы жасалған карта. Жоғарыдағы карталарда Қазақия Ресей меншігі болмаған.

Барлау-тыңшылық әрекеттері. Отарлаушы күш өздері бағындыруды көздеген елдің ішкі басқару жүйесі мен салт-дәстүрін толық зерттейді. Ондағы мақсаты – отарланушы халықтың осал тұсын табу, қоғамдық қатынастарды берік ұстап тұрған басқару жүйесін бұзып, салт-дәстүрін тәркі еткізу.

Жоғарыдағыдай жауыз мақсатты көздеген патшалық Ресей Иван Грозный кезінен бастап, қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып заңдарын жинап, сұрыптап, танып-білу арқылы қазақ даласын отарлау саясатын көздеді. Ол үшін қазақтың әдет-ғұрып нормаларының түпті мәнін жойып, олай болмаған жағдайда орыстың әдет-салтына бейімдеуге ұмтылды. (Ө. Өмірзақов. *Ресейге қосылғаннан не ұттық?* – Алматы: Санат, 1999. – 119-б.).

Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрпын зерттеу деген – желеумен сахараға жекелеген саяхатшылар аттандырып отырды. Олар қазақтың салт-дәстүрін, мінез-құлқын, тұрмыс-тіршілігін, өмір сүру қағидасын, қарым-қатынасын ине-жібіне дейін зерттеп, хатқа түсіріп, Ресей отарлау саясатын жүргізудің негізгі ошағы Ресей географиялық қоғамына тапсырып отырды. Осында жиналған құжаттарды сараптайтын үлкен институт жұмыс істеді.

Тарихшы Өжетбек Өмірзақов өзінің «*Ресейге қосылғаннан не ұттық?*» атты монографиясында жоғардағы салт-дәстүрді отарлаудың басты себептері ретінде былай деп тұжырымдапты. Қазақ әдет-ғұрып нормаларын Ресейдің жинауына:

Бірінші себеп: Қазақ халқының әдет-ғұрып заңдарын біліп, оның егжей-тегжейіне үңілу;

Екінші себеп: Ресей мүддесіне қайшы келетін тұстарына шектеу жасау;

Үшінші себеп: Қазақтың әдет-ғұрпын білу арқылы халықты толықтай бақылауға алу;

Төртінші себеп: Кезі келіп, сәті түскенде оларды жойып жіберу;

Бесінші себеп: Қазақтарға ұқсас (қырғыз, өзбек, түркімен) халықтарға үстемдік ету үшін пайдалану.

1734 жылы Орынбор экспедицияның құрамында болған орыс саяхатшысы П.И. Рычков қазақтың шаруашылығы, ру-тайпа құрылымы және отарлық саясаттың басты бағыттары жайлы зерттеу жүргізсе, 1768-1774 жылдары қазақ даласында барлау экспедициясы құрамында болған тағы бір ұлты неміс зерттеуші-тыңшы И.Г. Георгий жергілікті қазақтар туралы жазған мәліметінде: *«Олар өте аңғал, сенгіш, осы мінезін пайдалана отырып, ортасына алауыздық отын жағып, сол арқылы отарлау саясатын жүргізу қажет»* депті (Георгий И.П. *Описание всех обитающих в Российской империй. 1773. – С-131*).

Орынбор генерал-губернаторы И.Неплюевтің тапсырмасымен Кіші жүз қазақтары арасына тыңшылық-зерттеу жүргізген В.И.Витевский: *«Қазақ даласын отарлаудың бірінші бағыты – Ресейдің ішкі өлкелерінен шаруаларды көптеп қоныстандыру, екінші бағыты – орысша оқытуды қолға алу»* қажет деп алғаш рет ресми түрде ұсынса, тағы бір зерттеуші П.С.Павлов: *«қазақтарды отарлау мәселесін тездету керек, бұл іс Ресей үшін орасан зор пайда кел- тіреді»*, – депті.

Жоғарыдағы зерттеуші-тыңшылар қатарына И.П.Фалькті де қосуға болады. Ол Қазақияның тарихы мен этнологиясын терең зерттеп, оны отарлау ісіне пайдалану үшін қызмет атқарған. Бұндай зерттеушілердің арасында өте көп еңбек атқарған адам – А.И. Левшин. Бұл ғалым қазақ арасында әкімшілік басқару жүйесіне қатты маңыз беріп, көнеден келе жатқан билер институтының әсерін зерттеп, қазақ даласының географиялық анықтамалығын кең түрде хатқа түсірген.

Сол сияқты ХІХ ғасырдың басында патша үкіметінің тапсырмасымен қазақ даласының құнарлылығын, халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін зерттеу мақсатында ұйымдастырылған экспедицияны басқарған Федор Андреевич Щербина өзінің *«Киргизская народ- ность в местах крестьянских поселений»* атты жазбасында қа- зақтардың 13 түрлі кемістігі мен 12 түрлі жақсы сипаттарын атап көрсетіпті (Бұл деректі Ғани Абайұлы деген адам ертеде жариялаған көрінеді, осы деректі кезінде қазақ ақыны Мұзафар Әлімбаев көшіріп алған). Сонымен:

Қырғызды жағымсыз жағынан мінездейтін 13 қадір-қасиеті, атап айтқанда:

- өзіне шынайы сүйіспеншіліктің жоқтығы;
- табансыздық;
- сөздегі айнымалылық;
- жалғаншылық;

- сөз құмарлық (мылжыңдық);
- пайдакүнемдік;
- аңқаулық;
- арызқойлық;
- дауқұмарлық;
- даңғойлық;
- айлакерлік;
- құмарпаздық;
- мақтаншақтық.

Бірақ, осы жағымсыз жақтарымен қатар қырғыздың өзіне тән жақсы қадыр-қасиеттері бар, атап айтқанда:

- діни көзқараста фанат емес және ерікті діншіл (дінде ерікті);
- сауда және экономикалық салада олар адал және өз сөзіне табанды;
- қыл-ой жағынан қызыққыш және білуге құмар;
- қырғыздар өзінің парасаттылығымен (салауаттылығымен) қатты ерекшеленеді;
- маскүнемдік және спиртті ішімдікке құштарлығы жоқ;
- балаларына сүйіспеншілігі өте жоғары;
- өтінішті жерге тастамауы (тікелей аударса – өтініш жасауға оңайлық);
- үлкендерді құрметтеу – ақсақалдарды, сондай-ақ, халықтың танымал өкілдерін құрметтейді;
- таңғажайып бейбітсүйгіштігі, соғыстың тұтануынан жасқана- тыны – қырғыз халқын ең жағымды жағынан бейнелейді;
- мүмкін оның үнемі табиғатпен қарым-қатынаста болуының арқасында шығар, қырғыз шын мәнінде ақын халық;
- ол ән салуды және поэтикалық әңгімелер мен аңыздарды тыңдауды сүйеді;
- дене бітімі жағынан қырғыздардың денсаулығы жақсы әрі қат- ты шыныққан;
- бұл халық қалай болғанда да дәл қазіргі жағдайда, мысалы, қалмақтар, башқұрттар және т.б. бұратаналар сияқты құрып кетпейді, әлі өсіп-өнеді және жетіле береді (*Әбдуәли Қайдар «Қазақ қандай халық?» «Дайк-Пресс», – Алматы: 2008. 210-211 бб*).

Ғалым-ақын Серікзат Дүйсенғазин Дулат Бабатайұлы туралы зерттеу еңбегінде: Ресей империясының қазақ даласына жіберген елшісі А.И.Тевкелев 1731 жылы 27 қаңтарда Ресей сыртқы істер коллегиясына жазған хатында қазақ халқының:

12 түрлі жақсы қасиетін: *(төрени сыйлау, үлкенді сыйлау, кісі ақысын жемеу, арақ ішпеу, бауырмалдық, рулардың арасында жіктің*

жоқтығы, ақынжандылық, табиғатты аялау, байлыққа қызықпау, сыпайылық, адамды жатырқамау, білімге құштарлық).

6 түрлі жаман қасиетін: (мақтаншақтық, зиянсыз өсекке жақындық, адамның көңілі үшін көлгірсу, шендіге бас иезу, дарақылық, рутайпаға бөлінушілік) атап көрсеткені жайлы жазады.

Республикалық «Ана тілі» апталығының 1992 жылы 23 сәуір күні жарық көрген кезекті санында Қ. Әзбергенов деген автор: «Ресей билеушілері қазақ халқын отарлау барысында әуелі арнайы тыңшылар жіберіп, «қазақтан шыққан атқамінерлердің мойына алақандай медаль тағып, арқасынан қағып, бір-біріне айдап салу тиімді» деген құпия шешім қабылдағаны жайлы баяндайды.

Сол сияқты, үлкен ғалым Шоқан Уәлиханов өзінің 1864 жылы жазған «Сот реформасы жайында хат» атты еңбегінде, орыс шенеуніктерінің қазақтар арасында барлау-зерттеу ісін жүргізіп, қазақтардың байырғы сот жүйесі мен этножаралым тарихын зерттегені жайлы айтады. Яғни, 1840 жылдарды Ресейдің шекара басқармасындағы Сотников деген шенеунікке қазақтардың заң жобаларын, сот ғұрыптарын жинастыру тапсырылады. Бұл шенеунік өзіне тапсырылған істі тереңнен тартып зерттеуді қолға алып, қазақтың ру басыларын алдын ала приказге жинайды да, олардан: қазақ халқы қайдан шықты, олар қалай қалыптасты, «қазақ» деген сөз қайдан шықты, деген сұрақтар қояды. Қазақтар болса, «біздің ата-бабамызды білгеннен орысқа не пайда, бұның арғы жағында арам пиғыл жатыр. Бұлардың мақсаты, қазақтың түбін орыс-казактардан шығармақшы, сөйтіп, бізді орысқа айналдырудың тағы бір харам жолын ойластырып отыр», деген күдікпен приказға жиналған қазақтар өздерінің арғы тегі араб және түріктен тараған етіп көрсетеді... Сотников қазақтарды орыс-казактарға айналдырмақ болды деген қауесет қырда көпке дейін басылмады... дейді (Ш. Уәлиханов. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 132-б.).

Сібір өңірі толық жауланып, бекіністер тұрғызылуы. Сібір хандығы бағындырылған соң Ресей отарлаушылары ондағы сулы-нулы жерлерді тез арада иеленіп қалу үшін әскери бекіністер тұрғызуды бастады. Бұл бекіністер империяның отарлық саясатын жүргізетін пайдалы тетігіне айналды. Нәтижесінде, 1586 жылы Төмен (Тюмень), 1587 жылы Тобыл, 1593 жылы Березов, 1594 жылы Тар, 1598 жылы Верхотур, 1604 жылы Том қоныстары пайда болды.

Осылай патшалық Ресейдің қонысы қазақ даласымен шектесті. Бірақ, патшалық отарлау саясаты бір сәтке «Азия қақпасы немесе кілті» саналып келген Қазақияны жедел отарлауды уақытша тоқтата тұрып, Сібір өлкесіне тереңдей еніп, мұхит аймағына шығуды пайдалы деп көрген сыңайлы.

Оның сыртында, үздіксіз қақтығыста душар болған қазақ-қалмақ

қатынасына алыстан көз тігіп, екі арыстанның әлсіреуін күткен сыңайлы. Егерде орыс солдаттары қазақ жеріне басып кірген жағдайда, қазақ-қалмақ жасағы (орыс әскеріне қарсы) бірігіп кету қаупі де бар еді. Бұл жайдан Ресей шенеуніктері өз тыңшылары арқылы үздіксіз хабар алып отырды. Сол себепті, отарлау ісін басқа жаққа бұрды.

Моңғол тарихшысы Б. Баабардың баяндауы бойынша, Ресей Сібір өлкесіне отарлау ісін жүйелі жүргізу үшін **шеп (острог)** құрды. Әуелі, шекара шебі деген желеумен Нэнцы, Ханты, Кэте өңірін әскер күшімен байлап алды. 1619 жылы Таз дариясының (Обь) сағасын бойлатып Мангазей шебі, Енисей дариясын жағалата Енисей шебі құрылды. Осы шептің бойын жағалай шабуыл жүргізген орыс-қазақ әскерлері Эвенк, Тунгус өлкесіне басып кіріп, 1628 жылы Байқалды жайлап жатқан моңғолтекті жұртпен қақтығысып қалды.

Байқал өңірін жаулау ісіне әлі де дайындық қажет екенін түсінген жүзбасы Петр Бекетов 1632 жылы аттың басын Саха даласына бұрды. Лена дариясын бойлата, әдеттегідей Лена шебін құрды. 1636 жылы Амур бойын жаулап, Охота теңізінің жағасына жетіп жығылып, Охотск гаванының іргесі қаланды. Осылай тарихта тұңғыш рет Русия шекарасы мұхит аймағымен шектесті.

1644 жылы 15 жыл бұрын қарсы шыққан Байқал өңірін бағындыруға Курбат Иванов жасағы мұздай қаруланып аттанды. Осы үкімет әскерімен күш біріктеру мақсатында Аңғар өзенін бойлап, атаман Василий Колесниковтың атты әскері шықты. Жолай кездескен тұрақтар мен тұрғындарды аяусыз қырғынға ұшыратып, қанды жорық жасаған орыс солдаттары 1646 жылы Жоғары Аңғар, 1648 жылы Баргужин, 1652 жылы Иркутск, 1665 жылы Селенге, 1666 жылы Үде бекіністерінің іргесін қалады. 1658 жылы моңғолтекті бурят тайпалары отарлаушыларға қарсы қарулы көтеріліс жасағанымен, онысы аяусыз жанышталып, қырғыннан аман қалғандары Моңғол жеріне ауа қашты.

Орыс солдаттары күллі тайганы жаулап алуы Цинь империясын да елендетсе керек, 1689 жылы 27 тамызда Нерчинскіде Ресей мен Қытай өзара сауда-саттық мәселесі бойынша келісімге қол қойды (*Б. Баабар. First Published in Mongolia. – Ұлан-батыр, 1996. – 245-б.*).

Қазақ даласында әскери бекіністердің пайда болуы. Патшалық Ресей осылай күллі Ібір-Сібірді жаулап, мұхит аймағымен шектесіп, Охотск гаванының іргесін қалаған соң, қазақ даласына мойын бұрды. 1708 жылы Қазақияның солтүстік өңірін жаулап алу мақсатында Сібір губерниясы құрылды. Орталығы Тобыл қаласы болды. 1713 жылы – Сібір губернаторы, князь Гагарин император Петр Біріншіге Ертістің бойын өрлете бекіністер салу туралы ұсыныс жасады.

Жоғарыдағы ұсынысты патша құп көріп, қыруар қаржы бөлді.

Нәтижесінде, 1714 жылы Сібір бекініс белдеуін, 1717 жылы Омбы, Железинск, Ямышев, 1718 жылы Семей бекінісі тұрғызылды. 1720 жылдары генерал-майор Лихаров Өскемен бекінісін тұрғызды. Осындағы Ертіс бойын жағалай салынған бекіністер негізінде *Орынбор белдеуі* құрылды. 1731 жылы Ресейге бағынған Кіші жүз қазақтарының жерін осындағы Орынбор белдеуіне тапсырады.

1735 жылы Ор өзенінің Жайыққа құяр сағасына жаңа бекініс салынды. Өз жеріне дендей орналасқан бұл бекініске көшпенді қазақтар шабуыл жасай берген соң, 1739 жылы Ордың төменгі ағысын бойлата 180 шақырым жерге жаңадан тағы бір бекініс тұрғызып, оны «Орск» (қазіргі Орск қаласы) деп атады. Қазақтар оны «Жаман қала» деп атады. 1742 жылы Красногор шатқалынан 70 шақырым жерде тағы бір бекіністің іргесі қаланды. 1744 жылы «Оренбург» (қазақша Орынбор) бекінісі салынып, қазақтар еріксіз Ойыл ойпатына қарай ығысуға мәжбүр болды. 1745 жылы Петропавл бекінісі салынды.

Қазақ жеріне алғашқы бекіністерін салып дәндеген Ресей патшасы Қазақияның солтүстік территориясын толық отарлау үшін «Қасірет белдеуі» (Горькая линия) атты тағы бір үлкен жоспарды қолға алды. Бұл жоспар бойынша: 1732-1757 жылдар аралығында Оралдың жоғары сағасынан бастап, қазіргі Қазақия жерінің солтүстік өңірін көктей шолып, әрі қарай Омбыны тірек етіп, Ертістің бойын жағалай бекіністер салуды көздеді (*Киргиз-кайсаки. «Брокгауз-Ефрон», 1895. – 97-б.*).

Патша үкіметі XVIII ғасырдың орта шенінде Еділ бойы, Орал, Сібір мен Қазақстан өңірінде әскери бекіністердің, ескі шептерінің жаракталуын жақсартуға және жаңа шептер салуға кірісті. Осы кезде оң жағалауда Жайық орыс-казактарының күшімен 14 қамал: *Пере-волоцк, Чернорегенск, Татищев, Нижнеозерная, Расынная, Елек қалашығы, Жайық, Сахарная, Калмыкова, Көш-Жайық, Кулагино, Тополев, Бақсай, Гурьев* қамалдары салынды.

Қазақ даласына орыстар бекінісі салынуымен қатар, қазақтардың ішкі ісіне араласуға кірісті. Қазақтар орыс ұлықтарына өз басшылары үстінен шағым айтып келе бастады. Орыстар қазақтардың шағымын қабылдап, оң шешу арқылы «орыс ұлықтары әділ» дейтін отарлау идеологиясының жымсықы бағытын сіңірді. Мысалы, Өскемен бекінісі салынған тұста орыс шенеуніктері ел ішіне өтіп, жиын жасап тұрды. Осындай үшінші рет өткен жиында жәбір көргендердің ақысын әперді, көнбеген біраз елге күш көрсетті (*Қ. Халид. Тауарих хамса. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 151-б.*).

Қазақ даласында белдеу-шептердің құрылуы. XVIII ғасырдың 50-ші жылдарынан бастап отарлаушылар әскери-инженерлік шараларды іске асыру үшін Қазақияның солтүстік және шығыс өңірін қоршап, арнайы *шен (белдеу)* құрудың жоспарын жасады. Нақтырақ айтқанда, Ресей үкіметі қазақ даласын әскери күшпен бағындырудың жоспарын жасап, территориялық отарлауды

жүйелі түрде жүргізуді бастады.

1742 жылы 20-ыншы мамырда Сенат шекаралық өңірдегі бекіністерді қорғау жайында жарлық шығарды. Сөйтіп, қазақ даласын әскери бекіністер шебімен біртіндеп қамту патша үкіметінің отарлауына кең мүмкіндіктер ашты. Әскери бекіністер шебінің бойына орыс халқы қоныстандырылып, орыс-казак станциялары мен шаруа слободалары пайда болды.

Ескі Есіл шебі. 1711 жылы Ертіс жағасындағы Бөтен, Пустынный елді-мекендерден батысқа қарай Болшереецк, Абат, Қайдауыл, Қосқарағай елді-мекендері арқылы бір шеті Ор шебімен жалғасатын сызық жүргізілді. Ресми құжатта «Старо Ишимская линия» деп аталды. Бұл бір сөзбен айтқанда, Қазақия мен Русия арасындағы шекара болатын.



1745 жылы Сібір шекара шептерін басқаруға генерал Киндерман келді. Ол іргедегі қазақ қоныстарына шабуыл жасаушы ойраттың қауіпінен сақтанып, «Старо Ишимская» шебін кей тұста 50, кей тұста 200 шақырым оңтүстікке жылжытып, кеңейті. Бұл істі Үкімет Сенаты қолдады. Осы белдеудің Есіл өзенімен қиылысқан тұсы Қызылжар деген жерге 1752 жылы бекініс салып, оған Петр және Павел әулиелердің атын берді (*Қ. Исабаев. Патшадан шен алған қазақтар. – Өлке, 2007. – 7-б.*).

Жайық шебі. 1734 жылы жоғарғы Жайық шебінің (кейін Орал шебі аталған) негізі қаланды. Шептің ұзындығы: Үйшіктен (қазіргі Атырау қаласы) басталып, Алабұға (қазіргі СҚО жері) шебіне дейін ұзындығы – 1780 шақырымды құрады. 1769 жылдың қарсаңында Жайық шебі бойында гарнизон әскерлері бар, семьяларымен қоса қазақтар мен қоныс аударған шаруалар бар, 15000-ға жуық адам тұрды.

Үй шебі. XVIII ғасырдың 30-40-ыншы жылдары жоғарғы Жайық қамалынан Звериноголовск қамалына дейін 770 шақырымға созылған Үй шебі құрылды.

Ертіс шебі. XVIII ғасырдың 50-інші жылдарында ұзындығы 930 шақырым Ертіс шебін (Семей, Омбы, Железинск, Петропавл, Өскемен, Ямышев қалаларын қамтыған) салу аяқталды. Ұзындығы – Омбыдан оңтүстік-шығысқа қарай Ертісті жағалай, Қытаймен шекара- дағы Урыльск селосына дейін жалғасып жатты. Ұзындығы – 1684 верст қашықтықты қамтыды.

Бұл шептің бойында 5 бекініс (*Омбы, Железинка, Ямышев, Семей, Өскемен*), 10 форпост (*Ачайрск, Черлак, Осморыж, Песчан, Чернорец, Коряков, Семьяр, Долон, Галиц, Убин*), 29 далалық бекет және 35 белгі-мұнаралар салынып бітті. Бекіністердің ара қашықтығы 220-236 шақырым болса, форпостар мен далалық бекеттердің ара қашықтығы 4-27 шақырым болды.



Орынбор шебі. Алабұға шебінен Елек өзені бойындағы Озерныйге дейін созылып жатты.

Есіл шебі. Тобыл өзенінің бойында орналасқан шекаралық пункт Звериноголовск редутынан Омбы бекінісіне дейін аралықта тағы бір шеп құрып, оған 33 редут, 32 маяк орнатып, оны кейін «Есіл шебі» деп атады. «Қасірет белдеуінің бойын қорғау» желеуімен үшінші күш – Есіл шебі, яғни Есіл орыс-казактарының линиясы пайда болды. Оның құрамына – 2 бекініс, 33 редутта, 2000 атты әскер бағындырылды.

Ащы шеп. (Қасірет белдеуі). Сібір редутынан Омбыға дейін ұзындығы 553 верст (1 верст – 1 шақырым) шеп құрылды. Бұл «Горькая линия» немесе шеп «Ащы шеп» деп аталды (Бұл шепті Мұхтар Құл-Мұхамед «Қасірет белдеуі» деп атаса, жазушы Қалмұқан Исабаев «Ащылыөзек» дейді.)

Бұлай аталуын тарихшылар шептің бойындағы тұзды көлдердің көптігінен дейді. Бұрынғы доға тәрізді Ескі Есіл шебі тігінен түзетіліп қазақтардың байырғы қонысын көктей өтіп, 250 шақырымға ішкері кіріп кетті. Ор мен Ертіс бойын жалғастырған «Қасірет белдеуі» осылай дүниеге келді.

Орынбор өңірі толық игеріліп болған соң «Қасірет белдеуі» Тобыл губерниясына қарай созылып, ішкерлей түсті. 1750 жыл туғанда «Қасірет белдеуінің» бойын жағалап 60-тан астам жаңа қоныс пайда болып, қоныстанушылар саны 59 мың адамға жетті.

Жаңа Есіл шебі (Ново-Ишимская линия). 1752 жылы 26 наурызда Ресей

Сенатының шешімімен ұзындығы 548 врест болатын, 9 қамал мен 53 редуттан тұратын Ново-Ишим шебін салу аяқталды. Бұл шеп 540 шақырымға созылған Уйск шебін Ертіс шебімен жалғастырды.

Шептің орталығы ретінде апостол Петр мен Павелдің құрметіне орай 12 шілде күні аты қойылған Петрпавловск бекінісі тандалды. Бұл белдеудің бойында 1752 жылы 10 бекініс, 31 қорған, 40 маяк орнап, 1 мың орыс-казак атты әскері мен 2518 башқұрт, 2 драгун полкі сияқты тұрақты әскерлердің эскадроны орналасты (// «Оян. Намыс kz» журналы, № 2, 2010. 34-б).

Колыван шебі. XVIII ғасырдың 50 жылдары ұзындығы 930 шақырым Ертіс шеп-белдеуін (Омбы, Железинская, Жәмішев, Семей, Өскемен бекіністері) жасақтау аяқталып, Өскемен – Кузнецк аралық 723 шақырым «Колывановская белдеуінің» құрылысы басталды. Бұл шеп Өскемен бекінісінен бастап, Алтай тауларын жағалай, Колыван зауыттарын басып өтіп, Кузнецк шебімен жалғасты. Ұзындығы –723 верст.

Сибирск поселкасынан басталып, Урыльск селосына дейін аралық *Сібір казак шебі* деп аталса, Жайықтың теңізге құяр жеріндегі Атырау мекенінен Звериноголовск бекінісіне дейін ұзындығы 1600 врест тағы бір шеп құрылды.

Бұл шеп-бекіністерге көп әскер шоғырландырылып, «орыс-казак қоныстарын салу керек» деген желеумен қазақтар пайдаланып келген қыруар құнарлы жер тартып алынды. Сонымен қатар, қазақтардың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі көшіп-қону жолдары бұзылды (М. Мұқанов. *Қазақ жерінің тарихы.* – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994. – 10-б.).

Қазақтың дәстүрлі көшіп-қону тұрмысының бұзылуы. Қазақ даласын жағалай қоршай салынған бекіністер мен шеп-белдеулер Ресейдің отарлау саясатынан жүргізетін тірек-пункттеріне айналды. Сол себепті, оларды қазақтардан қорғау шарасы қабылданды. Яғни, шеп-белдеулердің бойына салынған бекіністердің маңындағы қазақтарды алысқа, қу медиен өлкеге қуып тастау сияқты шаралар жүргізілді. Бұл істер жергілікті халықпен санаспай, әскери күш қолдану арқылы қатыгездікпен іске асып жатты.

Мысалы, 1742 жылы 19 қазанда Орынбор губернаторы И.И. Неплюев қазақтарды Жайық өзені маңында көшіп-қонуға тыйым салу туралы жарлық шығарады. Онда мынадай ескертулер жазылған:

«Жарлықта көрсетілгендей барлық қырғыз-қайсақ хандарына, сұлтандарға, старшындар мен барлық халықтарға жар саламын, бұдан былай осы жарлық алғаннан кейін қамал маңында және Жайық өзенінің арғы бетіне көшіп-қонуға тыйым салынады. Егер ол бұзылатын болса, онда қатаң жаза қолданылады».

Осындай сорақылықтардың салдарынан Орынбор белдеуі маңындағы қазақтар қатты күйзеліске ұшырап, кедейленді. Бұндай күйге түскен қазақтарға

отарлаушылар орыс поселкалардан қоныс беріп отырықшылыққа көндірді. Көнгендерге жеңілдіктер жасады.

Бұлай жасаудың мәні – ат жалында еркін өскен қазақты орыстармен қосып қоныстандыру арқылы «орыстандыру» саясатын қарқынды жүргізуге мүмкіндік тудыру еді. Онымен қоймай Орынбор белдеуін қорғап тұрған орыс-казак атты жасағына қазақтарды тықсырып, орыстармен бірге отыруға мәжбүрлеу ісі тапсырылды. Осылай қос өкпеден қысым көрген қазақтар белдеуден өтіп, орыстармен бірге отырықшы тұрмыс кеше бастады (*«Колонизация Сибири в связи с общим переселенческим вопросам» СПб., 1900. – Стр-84*).

Зерттеуші П. Милюков: *«Қазақтар Жайық бойындағы бекініс жүйелері маңынан біржолата қуып тасталды. Ежелгі одақтас: қазақ пен башқұртты бір-бірінен ажыратып, алысқа ұстау үшін 1734-1744 жылдар аралығында өте ірі жоспарлар құрылды. Жоспарды орыс шенеуніктері – Кириллов, Татищев және Неплюевтер іске асырды. Орынбор қаласы отарлаудың орталығына айналды»* дейді (*Колонизация России. 1895*).

1756 жылы патша жарлығымен Орал жағалауларындағы ең шұрайлы жерлер мен жайылымдар Орал-Орынбор орыс-казак әскерлерінің жері деп жарияланды да, Елек пен Орал аумағына Новолепицк жолағын салып, одан қазақтардың өтуіне тыйым салды.

Осылай жайылымынан айырылған қазақтар қан қақсады. Алда-жалда тыйым жолағына қазақтар өтіп кеткен жағдайда жазалаушы орыс-казак отрядтары бейбіт елді оңдырмай ойрандады. Осындай келеңсіз оқиғалар етек алып жатқаны жайлы Сырым Датовтың қатын патша Екатеринаға II жазған хатында: *Орал бекінісінің атаманы Дарыков еш себепсіз қазақтың 225 шаңырағын ортасына түсіріп, 140 адамды өлтіріп, 57 адамды тұтқынға алып, мал-мүлкін то-нағаны жайлы айтады.*

1752-1755 жылдары Ескі Есіл және Жаңа Есіл шебі бойында жайлап-қыстап жүрген қазақтар шеп бойынан әскер күшімен қуып шығарылды.

Отарлау идеологиясын қолдаушы, астамшыл граф Нессельроденің патша ағзам Николай I-ге жазған құпия хатында: *«Шептерді ішкері (қазақ даласына қарай) жылжытудағы үкіметтің мақсаты егінге жарамды жерлерді көбірек қамту... Ол үшін мұндай жерлерді көшіп-қонып жүрген қазақтардан тазарту қажеті туындайды»*, - деп мәлімдеген (*Е. Бекмаханов. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. – Алматы: Санат, 1994. – 35-б.*).

Сол сияқты Азия департаментінің директоры К.К. Родофиникин: *«Шеп маңындағы қазақтар қыстауларынан қуылып, көлдерден тұз алуларына тыйым салынып, оларға неше түрлі қысым жасалуда»*, – дейді (*Е. Бекмаханов.*

Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. – Алматы: Санат, 1994. – 36-б.).

1765 жылы Сібір шекара шебінің командашысы И. Шпрингер Ертістің бойынан 10 шақырым жерге қазақтарды жолатпау жайлы бұйрық берді. Сол сияқты, әскери бекіністерден қазақтар 30 шақырым алыс жүру тиіс болды.

Бір жағынан башқұртты айдап салып, екінші жағынан ойраттарды қазаққа қарай тықсырған патшалық Ресейдің жалмауыз саясатына, үшінші жақтан туған жерінен ығыстырылған қазақтар ес жия алмай қалды.

XVIII ғасырдың екінші жартысында 1765 жылы генерал-поручик Шпрингер Ертісті бойлай қоныстаған бекініс бастықтарына көшпен- ділерді (қазақтарды) шеп сызығының бойына 10 шақырым жақындатпауға бұйрық берді. Бұл үкім арада 74 жыл өткен соң, яғни, 1839 жылы топограф Кокоулин Батыс Сібір генерал-губернаторы князь Горчаковтың тапсырмасымен Ертіс және басқа өзендердің бойын геодезиялық суретке түсіруді аяқтаған соң ғана күшін жойды.

Орыс-казак жасақтарының отарлау ісіне тартылуы. «Казак» атауы түркі тілінен шыққан, әкімшілік басқару ортасынан бөлініп, өз еркімен еркін өмір сүруге ұмтылған «ерікті адам» деген ұғымды білдіреді. XIV-XV ғасырларда Алтын Орда ыдырағаннан кейін бөлініп шыққан ұлыстар өзара үздіксіз соғыс жүргізді. Осы соғыстардан қашқан топтар Тан (Дон), Уз (Днепр), Еділ (Волга), Жайық өзендері бойындағы далаларға қашып барып, топтасып өмір сүрді. Осы адамдар өздерін казактар деп атады.

Бұлар негізінен түркі-қыпшақ тектес тайпалардан шыққандар еді. Бұларға XV- XVI ғасырларда крепостнойлық (басыбайлылық) тәуелділіктен қашқан орыс-украин шаруалары Қиян Далаға (Дикая Поле) қосылды.

XVII ғасырдың екінші жартысынан бастап жоғарыда атап өткеніміздей, қазақ жеріне бекіністердің салынып, шеп-белдеулердің құрылуы болашақтағы үлкен отарлаудың алғашқы қадамдары болатын. Әрине, бекініс салынған соң онда тұрақты әскер қажет. Олардың міндеті – қазақтарды қорқытып-үркітіп, үрейлендіру. Ресей үкіметі бұл ісіне орыс-казактарды пайдаланды. Осы орайда I Петр патша *«Орыс-казактарды қаруландырып, отарлау ісіне пайдалану туралы»* қуатты жарлық шығарды (*// «Оян. Намыс kz» журналы, № 2, 2010. 33-б).*

Жоғарыдағы жарлықтан кейін Ресей империясы орыс-казактарды ауыздықтау орнына, оларды отарлау ісіне пайдалана бастады. XVIII ғасырда орыс-казактар Ресейдегі айрықша әскери құрылымға айналды. XIX ғасырдың бас кезінен бастап орыс-казактардың жоғарғы тобы (старейшина – ақсақалдар) дворяндармен теңестірілді.

1827 жылдан бастап бүкіл орыс-казак әскерлерінің атаманы болып тақ мұрагері тағайындалды. XX ғасырдың бас кезінде Ресейде 11 казак әскерлері

болды (Дон, Кубань, Терек, Астрахан, Орал, Орынбор, Жетісу, Сібір, Забайкал, Амур, Уссурій). 1917 жылы Енисей *орыс-казак* әскерлері құрылды.

Белгілі казак жазушысы Усов: «Сібір және Жайық орыс-казак әскерилері Дон казактары сияқты өз бетінше өніп шыққан жеміс емес. Оны қолдан жасап шығарған үкімет еді. Халықтың еркінен тыс, әртүрлі әкімшілік реформаларды жүзеге асыру арқылы, жер ауып келген немесе қылмыскер әйелдерге үйлендіре отырып, орыс-казактардың қатарын жасанды түрде көбейтті. Оларға қоғамдық және өзін-өзі басқару мекемелерін ашып берді... Осының бәрі айналып келгенде казак даласын отарлау үшін жасалынған шаралар еді», – дейді (*Россия. Полное географическое описание нашего отечества. /Под ред. П.П.Семенова. Т.18. Киргизский край. СПб., 1903. с.17*).

Отарлау ісіне атсалысушы Дукнасов дейтін шенеунік: «*Орыстардың Орта Азияны отарлауына сенімді тірек болатын негізгі күш – орыс-казактар. Оларды басқыншы күш ретінде пайдалана отырып, басып алған жерлерін тегін беру арқылы біз көп жеңіске жете аламыз. Казактар сол жерді кеңейту үшін-ақ, жаңа жерлерді жаулай береді. Соның арқасында Ресей бұратаналарды құр- тып, тіпті оларды орысқа сіңіріп жібереміз, – дейді (Алдабергенов Қ.М. Ресейдің Қазақстандағы отарлау саясатының бағыттары мен нәтижелері. – Алматы: Рауан, 2000. – 285-б.)*.

Орыс-казактар Ресейдің Қазақстанды отарлауында шешуші рөл атқарды. Патша өкіметі қазақ жерін толығымен бағындырып ұстау үшін:

- 1591 жылы Жайық орыс-казак әскер жасағын (Орал);
- 1734 жылы Орынбор орыс-казак әскер жасағын;
- 1808 жылы Сібір орыс-казак әскер жасағын;
- 1867 жылы Жетісу орыс-казак әскер жасағын құрды.

Жазушы Әнуар Әлімжанов өзінің бір жазбасында: «*Отарлау ісін басқарған басқыншы идеологтар Қазақияны басып-жаншуға әзірленген орыс-казактар мен отарланушы қазақтарды шатастырмау үшін әдейі қазақтарды «қырғыз» немесе «қырғыз-қайсақ» деген атауды ұйғарып, әлем алдында «қазақ» деген халық болмағандай, түбірімен жойып жіберуді көздеді*», – дейді.

Бұл рас сөз. Күллі Азияның дархан сахарасы Жайықтан Алтайға дейін апайтөс даланы жайлап жатқан 3,5 млн халықтың ұлтын орыстар білмей қалды дегенге сенер ме едіңіз?



Жайық орыс-казак жасағы. 1719 жылы I Петр патшаның жарлығымен құрылған Жайық орыс-казак әскери жасағы нағыз отарлаудың қолшоқпарына айналды. Өте жоғары дәрежеде жасақталған бұл құрылым 1719 жылы Сыртқы істер коллегиясының, кейін 1721 жылы әскери коллегияның қарамағына берілді. 1744 жылға дейін Жайық орыс-казак жасағы Астрахан губерниясының құрамында болса, отарлау ісін жеделдету үшін 1744-1782 жылдары Орынбор губерниясының құзырына көшті.

Жайық орыс-казактарының әрекеті жайлы зерттеуші А.С. Елагин: *«Үкімет (Ресей) Жайық бойындағы ерікті орыс-казактарға жағдай жасап, олардың Кіші жүз қазақтарының жерін тартып алуына дем беріп отырды»*, – дейді (Елагин А.С. *Казачество и казачьи войска в Казахстане.* – Алматы: 1993. – Стр. 16).

Михаил Романов билік еткен кезде Жайық орыс-казактары үкіметтен арнайы жалақы алып тұрды және Кубань мен Қырымға, Хиуа мен Қазақ хандығына жиі-жиі жорық жасап, башқұрттардың, қалмақтардың, ноғайлардың көтерілістерін басуға белсене араласты.

XIX ғасырда Жайық орыс-казактары Кіші жүздегі көтерілістерді басуда шешуші рөл атқарды. 1917 жылы оның құрамында 174 мыңға жуық әскер болды және оларға Жайық бойындағы аса құнарлы 6,4 млн. десятина жер тегін берілді.

Орынбор орыс-казак жасағы. Жайық орыс-казак отрядының қуатын

күшейту мақсатында, 1744 жылы «Оренбург» (қазақша Орынбор) бекінісі бой көтерген соң 1748 жылы Орынбор орыс-казак жасағын құру қолға алынды. Бұл жасақ сегіз дистанцияға бөлінді. Олардың кез келген әрекеті отарлау саясатын іске асыруға бағытталды (М. Құл-Мұхамед. *Орыс энциклопедиясындағы қазақ шежіресі.* – Алматы: Атамұра, 1994. – 125-б.).

Осы жылдары жалпы ресейлік орыс-казак атты әскерлерінің қызмет тәртібіне өзгеріс енгізілді. Олардың ежелгі қарақшылық, тонаушылық, озбырлық кәсібін заңдастырып берді. Нақтырақ айтқанда, казак әскерлеріне қазақтарды тонауға, озбырлық жасауға ұлықсат берілді (*Из истории родного края. Оренбургское казачье войско.* – Челябинск, 1976. – 92-94 бб.).

Орынбор орыс-казак жасағының стратегиялық маңызы жайлы П.Н. Милюков өзінің «Колонизация России» атты еңбегінде: «*Бұратаналарды Жайық бойындағы бекіністерден алыстату және ежелгі одақтас баиқұрт пен қазақтардың ара қатынасын үзіп тастау үшін жасалды*», – дейді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Орынбор орыс-казак жасағының саны 158 мың адамға жетіп, олар Ресейдің Қазақстан мен Орта Азияны басып алуына үлкен еңбек сіңірді.

Есіл орыс-казак жасағы. Орынбор өлкесі Ресейдің бақылауына өткен соң Тобылдан бастау алып, Орынборға дейінгі 548 шақырымдық белдеуді бақылайтын *Есіл (Ишим) орыс-казак жасағы* пайда болды. Яғни, Қасірет белдеуінің бойын қорғау атты желеуімен үшінші күш Есіл шебі, яғни Есіл казактарының линиясы осылай дүниеге келді.

Жетісу орыс-казак жасағы. Жетісу орыс-казак жасағы Жетісу және Түркістан өңірін отарлау мақсатында құрылған әскери күш. Жетісу казактарының арасында маскүнемдік, зинакорлық, құмарпаздық, ұрлық кең етек алған. Әсіресе қорғансыз жатқан қазақ ауылдарын тонауға келгенде алдына жан салмаған (*Северцов Н. Путешествие по Туркестанскому краю и исследования горной страны Тянь-Шаня.* – СПб., 1873. – Стр. 116-117).

Түркістан генерал-губернаторы болған Кауфманның Ташкент ақсүйектерінің алдында сөйлеген сөзінде: «*Біздің орыс-казактар қарақшылардан кем болмай, қазақтарды тонаумен айналысты. Сол орыс-казактардың бір тобы Ұлы жүз қазақтарының ауылдарына таңға жақын басып кіріп, бүкіл жылқыларын айдап және көп қазақты өлтіріп кеткен. Осының арқасында олар қомақты пайда тауып отырған*», – депті (*Зиманов С.З. Политический строй Казахстана в конце XVIII и I половине XIX веков.* – Алматы: изд. АН КазССР, 1960. – Стр. 231).

1861 жылы шыққан «Военный сборниктің» №5 санында мынадай мәліметтер кездеседі: «*Орыс-казактардың арасында қазақ ауылдарының малдарын ұрлау нағыз кәсіпке айналған. Өкініштісі сол, олар ұрлықты*

мүлдем қылмысқа санамайды», – дейді (Заметки о Сибирском казачьем войске. // «Военный сборник». СПб., 1861. № 5. – Стр. 7).

Отарлау ісіне аянбай атсалысқан орыс-казак жасақтарына патша үкіметі казак жерінің аса құнарлы өңірлерден 10 млн-нан аса десятина жер бөліп берді. XIX ғасырдың 30-ыншы жылдары:

- Орал орыс-казак әскерінде – 77 727 адам;
- Сібір орыс-казак әскерінде – 46 171 адам болса, 1868 жылы Сібір орыс-казак әскерінде – 135 756 адам болған.

Қазан төңкерісінен кейін орыс-казактар Кеңес үкіметіне қатты қарсылық көрсетті. Ақ гвардияшылар әскерлері (Л. Корнилов, А. Колчак, А. Деникин, т.б.) негізінен, орыс-казактардан жасақталды. Азамат соғысы жылдарында (1918-1920) Қазақстандағы орыс-казак әскері-лері ақ гвардияшылар жағында шайқасып (атамандар Дутов, Анненков, Толстов, т.б.), жергілікті халықты қанға бөктірді.

1921 жылы 4 ақпанда Түркістан Республикасы, Жетісу облысы рев. кеңесі орыс-казактар иелігіндегі 1 млн. десятинадан аса құнарлы жерді казак еңбекшілеріне қайтаруға шешім қабылдады. 1921 жылы 19 сәуірде Қазақ АКСР Атқару Комитеті Сібір және Орал орыс-казактары иеленген жерді казак еңбекшілеріне қайтарып беруге шешім шығарды.

Орыс-Казак жасағы офицерлерінің атақ-шені	Ресей үкіметі әскерилерінің атақ-шені
Генерал лейтенант	Генерал майор
полковник	полковник
подполковник	әскери старшина
есаул	майор
капитан	капитан
штабс – капитан	аға лейтенант
сотник	
хорунжий	поручик (лейтенант)
старшина	прапорщик

Орыстандыру саясатының жүргізілуі. Отарлау мәселесінің ең бір өзекті тұсы – отарланған халықты өзінің байырғы болмысын ажыратып, отарлаушы, яғни, үстемдік етуші халықтың қолайына жағатын күйге түсіру. Егер бұлай болмаған жағдайда оларды жойып жіберу немесе қоғамдық ортадан аластатып, резервацияда ұстау тәсілі қолданылады.

Бұл процесс казак елін отарлау кезінде «орыстандыру» атты саясаттың астарында жүргізілді. Ол үшін отарланушы халықты табиғи жаратылысындағы

мүмкіндігінен айырып, бітім-болмысын түгелдей өзгертіп жіберу ісі қолға алынды. Орыстың рухани көсемдерінің бірі, декабрист П.И. Пестель: «... Халық атаулының барлығы жойылып бір ұлт құрауы тиіс, ал Ресейді мекен еткен елдің барлығы орыстануы керек», – деп мәселе көтерді («Русская правда». – 1909).

Сол сияқты, 1887 жылдың 11 қарашасында ерекше тапсырма атқарушы Макинский деген шенеуніктің Дала генерал-губернаторына жазған баянхатында: «Қазақтарды орыстандырудың ең оңтайлы жолы – оларды тез отырықтандырып, орыс тұрғындарымен мидай араластырып жіберу», – десе, Түркістан генерал-губернаторының орыстардың ұлт саясаты жөніндегі негізі ережелері туралы 1911 жылғы 21 қыркүйектегі № 995 құпия нұсқауында: «Жергілікті халықпен қарым-қатынас жасағанда орыс мүддесіне басымдық берілсін. Оларды жақын арада кәдімгі орыс шаруасына айнала- тын материал есебінде қарап, орыс көрсе жаны қалмай жал- пақтап, құрметтеп, сыйлап тұратын рухқа жеткізуіміз керек. Бұған көнбегендер міндетті түрде қайғылы жағдайға ұшырауы тиіс. Олар не өледі, не Ресеймен қош айтысады» деген қағидат енгізіледі (А. Кәкен. 1937 нәубетінің тамыры тереңде. // «Ел» газеті, № 13-14 (89-90); 29.03.2007).

1903 жылы Омбыда жарық көрген «Дала облыстарын басқару жөніндегі ереже жобаның кемшіліктері» атты жазба да, қазақ даласына Ресейдің тірек-қуатын нығайту үшін отарлаушы үкіметке төмендегідей ұсыныстар жасаған:

1. Ресейден қаптаған орыс шаруаларын көшіріп шығындалғанша, жергілікті қазақтарды орыс етіп жіберген тиімді;

2. Қазақтарды орыстандыру үшін әуелі отырықшылыққа бейімдеп, мәжбүрлеген дұрыс;

3. Қазақтарды үкімет нұсқаған қолайсыз жерлерге ғана қоныстандыру ісін қолға алсақ, олар өмір сүре алмай, кіріптарлыққа ұшырайды. Осы сәтті пайдаланып оларды шоқындыру һәм орыстандыру ісін жүргізген тиімді;

4. Бұған көнбегендері із-түзсіз жоғалады да, түптің түбінде бұл жерде тек орыс өмір сүретін болады. Тірі қалған қазақтар түбінде орысқа айналады (Ж. Марданұлы. Ертіс – Баянаула өңірі. 1-кітап. – Павлодар: Дауа, 1995. – 41-б.).

Жоғардағы Мельников мырзаның ұсыныс-пікірінен қазақты орыстандыру үшін патшалық үкімет тарапынан жүргізілген жоба-жоспардың сорабын аңғаруға болады. Сонымен қатар, түземдік күйге ұшыраған қауымға өз тілінде білім-ғылым бермеу қажеттігі де күн тәртібіне қойылған көрінеді.

Атақты түркітанушы-ғалым В.В. Бартольдтың: «Түземдіктерге олардың өз тілінде ғылыми мағлұматтарды тым көп бермеу керек, сондай-ақ сол

арқылы олардың әдебиеті мен мәдениетін орнықтыра дамытуға жағдай жасамау қажет, мұның барлығы олардың орыстануына кесірін тигізеді» деуі сөзіміздің айғағы іспеттес (Т. Жұртбай. «Күйесің, жүрек... сүйесің. Алматы: Қайнар, 2009. – 55-б.).

XIX ғасырдың соңында Ресей мемлекеттік бақылау палатасының аға ревизоры қызметін атқарған Мельниковтың қазақ жері мен елін бүтіндей игеріп, даланы орыстандыру туралы жоспарында: *«Бұ- дан әрі қарай оларға жойылып кету жолы ғана қалды. Жер бөлісі тұсында олардың біразы көрге кіреді, екінші тобы христиан дінін қабылдап, орысқа айналады, үшіншілер тұқым қалдырмастан тұздай құриды, төртіншілерін жалға алған жерінен біреу ығы- стырып шығарады, дәл қазір темір жолға жақын шекаралы жерде сондай оқиға болып отыр, олардың қаңырап басы қалады немесе жалданып жүрген жалшыға, қаладағы фабрикалар мен зауыттарда күнелтіп жүрген жұмысшыға айналады. Қысқасын айтқанда, олар жұмысшының күйін кешеді, жоғалады, сіңіп ке- теді, қолайлы жағдай туса, тағзы да пайда болады. Сондықтан да, Ертіс бойындағы жатақтар мен көшпелі қазақтар туралы пәлендей алаңдаудың қажеті жоқ, оларға арнап отырықшыландыру, жер беру туралы жарлық шығармай-ақ қойған жөн, онсыз да олар өз-өзінен жойылып бітеді»* деп сәуегейлік айтты.

Бұл жоспар 1902-1916 жылдардың арасында жүзеге асырылуы тиіс еді. Бірақ, қазақтың бақ талайы бар екен. Ресейдің осы пиғылын 1902-1905 жылдар аралығындағы орыс-жапон соғысы мен 1914 жылғы I дүниежүзілік соғыс жүзеге астыртпай тастады (Т. Жұртбай. *Күйесің, жүрек... сүйесің.* – Алматы: Қайнар, 2009. – 34-35-бб.).

Осындағы орыстандыру саясатының барысы жайлы орыс ғалымы Николай Михайлович Ядринцев: *«Орыстандыру мәселесі ұлттардың өткір проблемасына айналды, бұл саясатты дөрекі іске асыру бұратаналар арасында керісінше қарсылық пен жиіркеніш тудырады»,* – деп жазады (*Сибирские иногородцы, их быт и современное со- стояниел. СПб. 1897, с.239*).

Орынбор әскери губернаторы П.П. Сухтеленге жазған шовинист орыс шенеунігінің хатында: *«Мен қазақтардың басына бақыт орнатқысы, оларға білім бергісі келетін, сөйтіп оларды Еуропа халқы шыққан биікке көтергісі келетін филантроптармен келіспеймін. Мен қазақтардың ешқашан егін екпеуін, ғылым түгілі тіпті қолөнерді білмеуін жан-тәніммен қалаймын»* десе, (ЦГИАЛ, МВД қоры, *Жер бөлімі, 8-іс, 1-2 парақ*). Түркістан өлкесінің алғашқы генерал-губернаторы фон Кауфман 1880 жылы 8 қарашада Халық Ағарту министріне жолдаған хатында, қазақтарды ислам дінін берік ұстанатын көрші халықтардан бөлек ұстап, оларды басқалардан бұрын тез арада

орыстандыру саясатын қолдануды сұрайды және ол үшін орысша оқытатын мектептерді көптеп ашудың аса қажет екен- дігін айрықша ескертеді (М. Мырзахметұлы. *Қазақ қалай орыстандырылды.* – Алматы, 2011. – 32-б.).

Қазақияны орыстандырудың бір жолы ретінде патша ағзам отарланған жерлерге Романовтар династиясына қызмет еткен князьдар мен отарлауды іске асырған әскери қолбасшылардың есімі берілсін деп тапсырды. Мысалы: Алматы бекінісінің алғашқы аты Омбы генерал-губернаторы Гасфордтың қызы Вераның құрметіне «Верина» деп аталып, 1867 жылы «Верный» деп өзгертілген. Қазақтар Кереку атап кеткен қалашықты, 1861 жылы генерал-губернатор Гасфорд II Александр патшаның баласы Павелдің бір жасқа толу құрметіне орай «Павлодар» (Павелге сый) деп өзгертті. Апостол Петр мен Павелдің құрметіне орай Қызылжар өңіріне салынған бекініске «Петропавловск» деп ат берді. Осындай отарлаудың белгісі болған елді-мекендер қазіргі таңда білдей-білдей екі облыстың орталығы атанып, мызғымай тұруы өте өкінішті жағдай һәм бұл құлдықтың кара бұғауы әлі де қазақтың мойнынан түспегендігіне дәлел.

Дәл осы мақсатты көздеген «Түркістан ведомствосы» басылымы 1899 жылғы бір санында: *«Қазақтардан тартып алынған жер- лердің байырғы атауын өзгертіп, орысша ат қою керек. Жергілікті халықтың (қазақтардың) орыстарға сіңісіп кетуіне мұның ықпалы зор»,* – деп жазған екен (М. Мырзахметов, *Қазақ қалай орыстандырылды.* – Алматы: 1994. 72-бет).

Санжар Асфендияровтың «Қазақстан тарихындағы»: «Орыс тілін білудің өзі қанаудың көзі болып табылады. Генерал-губернаторлардың кеңсесінен бастап болыстың хатшысына дейінгі аралықтағы тәржімашылар патшалық отарлаушылардың далаға тереңдеп бекуіне және сіңуіне ықпал етті... Патшалық өктемдік ағарту саласында да жүргізіліп, «самодержавие» мен «православие», «ақ патшаға» адалдық рухында «тәрбиелеу» деген бағытқа негізделді. Бұл бағытты тек қана өкіметтің ресми өкілдері ғана жүзеге асыруға тырысқан жоқ, сонымен қатар Погодин, Григорьев, П.П. Семенов-Тяньшанский сияқты ғалымдар мен профессорлар да соны ұстанды, олар «Ресейдің тарихи-мәдени міндеті» – шетжұртты орыстандыру және сіңіріп (жұтып) қою саясатын жүргізу деп ұқты. Шындығына келгенде жаңа отарлау жүйесін қамтамасыз ету үшін патша өкіметіне «кадр» керек болды. Жоғарғы және орта дәрежелі басқару жүйесінің қызметкерлері ресейлік бюрократияның әккі, Салтыков-Щедриннің уытты қаламының қарғысына ұшыраған сұмырай қызметшілерінен іріктелді. Осындай сұмпайылардың ең сұмпайысы Қазақстанға жіберілді», – дейді (Т. Жұртбай. *Күйесің, жүрек... сүйесің.* – Алматы: Қайнар, 2009. – 54-б.).

1880 жылы 8 қараша күні генерал- адъютант фон Кауфман Ағарту министріне жазған қызметтік баян хатында, көшпелі қазақ елін тезірек

ассимиляциялап орысқа айналдырып жіберу үшін, оларды Орта Азияның басқа тұрғындарынан бөліп ұстау қажеттігін атап өткен.

Түркі-қыпшақ тұқымдастырды өзара араздастыру жоспары.

Ресейдің отарлау аумағындағы түркі халықтары мекендеген өлкелер: Якутия, Саян, Батыс Сібір, Оңтүстік және Орталық Орал таулары, Еділ бойы, Кубань, Қырым, Кавказ, Кавказ сырты, Әзербайжан, Орта Азиядағы Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркімен жерлеріне жүргізілді.

Осындағы отарланған түркі-қыпшақ тектестерді жан-жақтан қыспаққа алып, бірін-біріне айдап салып, бұратаналардың өзара қырғи-қабақ жағдайынан кейін пайда болатын бүліншіліктерді Ресейдің пайдасына асыру болды. Нақтырақ айтқанда, түземдіктерді бір-біріне айдап салып, «қай жеңгенің менікі» дейтін пиғыл ұстану. Екіншіден, толассыз шайқастан қалжыраған қазақ сұлтандарына жанашырлық пейіл танытып, «ортақ әскери одақтастық» деген желеумен бодандық шартына қол қойдыруға мәжбүрлеу тәсілі таңдалды.

Академик В.В.Бартольд: *«Отарлаушылар орыс қанын орынсыз төкпеу мақсатында Орынбор билігіндегілер туындаған жағдайға қарай бір халықты екінші халық арқылы жуасытуды жүйелі жүргізіп отырған»,* - дейді (Бартольд В.В. Шығ., IX том. 405-б).

Оған дәлел, 1743 жылы 28 қыркүйекте Сенаттағылар, Еділ қалмақтарының әскерін қазақтарға қарсы айдап салу туралы шешім қабылдады. Бұған қосып қазақ елін шабуға 2000 орыс-қазақ атты жасағын жұмсап, бұларға қазақ қоныстарын талқандап, Жайықтың маңынан әрі қарай, шөл далаға қуып тастау жүктелді. Осынау зор мақсатты іске асыру жұмысы Орынбор, Астрахань әкімдері Неплюев пен Татищевке тапсырылды.

1747 жылы 10 сәуірде қол қойған Шетел ісі жөніндегі коллегияның №220-ші «Қазақтар тарапынан туатын қарсылыққа орай жоспар жасау» туралы құпия жарлығында: *«Қазақтармен күресті өзіміздің әскерге емес, көрші тұратын қалмақ, башқұрт, орыс-казак және Сібір губерниясының тұрғындарына тапсырып, олардың қа- зақтарды өлтіруіне көз жұмып қарау керек»,* - делінген (// «Оян. Намыс kz» журналы, № 1, 2010ж. 33-б).

Сол сияқты, түркітанушы ғалым В.В. Бартольд: *«Патша ағзам Орынбар билеушілеріне бұратаналарды бір-бірімен соғыстырып, орысқа тәуелділік жағдайына жеткізу керектігі жайында тапсырмалар берді»,* – десе, (Казахско-русские отношения в ХУІ-ХУІІІ вв. Алма-Ата, 1961, с.300) 1775 жылы 23 наурызда өткен мемлекеттік кеңестің хаттамасында: *«...олардың (түркі халықтарын айтады) арасында өзара туындайтын бұзақылық пен алауыздыққа тоқтау салмау қажет»,* – депті (Архив госсвета, т-1, ч II спю, 1869, стр-802).

Қысқасы отарлаушылар қалмақ, қазақ, башқұрт үшеуін бір-біріне

жауықтырып, бірін-бірі басып-жаныштап отыратын жағдай туғызды.

Жазушы-тарихшы Мұхтар Мағауин орыс деректерін негізге ала отырып, былай деп тұжырым жасайды: «Ресей отарлаушылары егер қалмақтар өздеріне қарсы шығатындай болса, оларға қазақтарды айдап салуды, керісінше қазақтар қарсылық танытса, оларға қалмақтар мен башқұрттарды айдап салуды жоспарлаған», - дейді (*М. Мағауин. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 121-б.*).

Орыс зерттеушісі Л. Мейердің 1865 жылы жарық көрген бір еңбегінде: «Кіші орда қазақтарын әлсірету үшін орыс өкіметі түркімен- дерді айдап салды. Осы оқиға кезінде 350 қазақ сарбазы өліп, 1035 әйел күндікке кетті, қазақтар 4173 түйе, 7085 жылқы, 1138 сиыр, 45645 қой малынан айырылды», – деген деректі келтіріпті.

Жоғарыдағы қасіретті ұйымдастырушы Орынбор генерал-губернаторы Волконский қасақана, «қазақтар барымта жасап елдің тыныштығын бұзды, кінәлі өздері» деп патшаға жалған ақпар жасайды.

XVIII ғасырдың ортасында қазақтың хандары мен сұлтандарына: «Ресейге қарсылық танытқан башқұрттар қазақ даласына қашып барса оларды отбасымен құлға айналындар» деп патша ағзам ұлықсат береді. Мысалы, 1755 жылдың 5 қыркүйегінде орыс билеушілері тарапынан Нұралы ханға жолданған грамотада: «*босқын башқұрттардың әйел-баласы, дүние-мүлкі сізге сыйға беріледі*» деп, үкім етілген (*КІТАП.kz // Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. XVIII кітап. 53-б.*).

Нұралы хан бастаған топ патша жарлығын қуана қабылдайды. Қазақтардың бұлай жөнсіздік танытқанына ренжіген башқұрттар кек алуға бекінеді. Осы орайда, башқұрттар да қазақтардың үстінен Неплюевке шағым жасап, кек қайтаруға ұлықсат етуін өтінеді.

Неплюевке де керегі осы болатын, башқұрттарға ресми түрде ұлықсат бермесе де, олардың қазақтарды шабуына көз жұма қарау керектігі жайлы шекара әмірлеріне құпия нұсқау түсірген. Соңында, «қазақ-башқұрт қақтығысынан қорғану мақсатында» деген желеумен шекара шебін күшейтеді.

Бұл оқиға жайлы орынборлық зерттеуші В.Н.Витевский: «...башқұрт пен қазақ арасындағы алауыздықтың Неплюев сепкен ұрығы құнарлы топыраққа түскені сонша, башқұрт пен қазақ арасына от жағу әрекеті өзі күткендегіден де күшті нәтиже берді», - дейді.

Бірақ бұндай арандатушылық болып жатқанын көзі қарақты адамдар білмей қалған жоқ. 1750 жылдардың ортасында башқұрт халқын бастап Ресей отарлауына қарсы көтерілген Батырша батыр түркі бауырларына жолдаған үндеуінде: «*Орыстар қазақты бізге, бізді қазақ халқына қарсы соғысқа айдап салып, туысқан бауырлардың арасына от жағып отыр*» деген жолдар бар

(Чулошников А.П. *Башқұртстанда 1755 жылы болған көтеріліс.* – М.-Л, 1940. – 39-б.).

Отарлаушылардың ел арасын арандату әрекеті Кіші орданың қазақтарын да айналып өтпеді. Ақ патшаның үстемдігіне назары болған Сырым батыр бастаған халық үлкен толқу тудырды. Орыстар көтерілісшілер мен хандардың ортасына кезек-кезек сүйек тастап, бүліншілікті өршітіп отырды. Бұл оқиғалар Кеңес заманында отарлаудың қанды ізін жасыру үшін таптық қайшылық ретінде оқытылды (// «Оян. Намыс kz» журналы. № 1, 2011. 22-б).

1785 жылдың 21 шілдесінде орыс тыңшылары Нұралы ханға Сырым батырды қаралатып, барон О.А.Игельстромның атына хат жаздырды. Онда былай делінген: «Бұл қарақшы қазақтар жоғары мәртебелі сізге қандай жау болса, маған да нақ сондай жау... Мен өз тарапымнан сізге ақыл қосып мәлім етемін: сіз Ор бекінісінің төменгі жағындағы ауылдарға көп әскер жіберіп, Елек пен Жемнің жоғарғы жағындағы ауылдарды қырып, қатты қорқытпасаңыз, мына қазақтар мені хан деп танымайды және бүлік те тоқтамайды», - дейді.

Хат барған соң жауыз Игельстром рухы бар қазақтың бәрі орыстың жауы деп санап, Орынбордан 1500 адамдық екі орыс-казак полкын шығарды. Олар көтерілісшілермен айқасқа түсіп, өз алдына, қойын құрттап, айранын ұрттап тыныш жатқан ауылдарды шапты. Наразылық танытқан қазақтың 25 ақсақалы келді де, ханды тағынан тайдырды (*Материалы по истории Каз. ССР. (1785-1825 г.г) Алма-Ата, 1948, стр 54-57*).

Бұл іс ақсақал-билер ықпалының қажет кезінде халықтың мүддесі жолында ханның қаһарын қайтара алатын қуатын байқатса керек. Отарлаушылардың да зәре-құтын қашырып, қорқытып отырған да осы ақсақалдар билігі еді.

Қолдан арнайы қырғын-сүргін ұйымдастыру ісі. Қазақ даласын отарлау ісі ресейлік басқыншылар тарапынан өте қатыгездікпен іске асып жатты. Ең сорақысы патша ағзамның шенеуніктері мен барлаушы-тыңшылар өте үстем пиғыл ұстанып, «қазақтардың қаупін сейілтуді» деген мақсатпен қолдан әдейі қырғын-сүргін жасап, халықты қорқытып, үрей үстінде ұстаудың жоспарын түзіп, оны қатыгездікпен іске асырды.

Ресейлік отарлаудың психологиялық зардабын алғаш болып зерттеген психолог-дәрігер ғалым П.И. Ковалевский өзінің зерттеу еңбегінде, отарлаушылар: «Кім Ресейде тұруды қаласа, сол орыс болуға міндетті. Ресей орыстарға арналған. Кім орыс болуды қаламаса, сол Ресейді тастап шығуға міндетті. Өзгелер, ойланындар! Ал, өзінің ешқандай әдебиеті болмаған, тіпті өзінің жазу-сызуы болмаған, ешқандай әліппесі, ешқандай тарихы, ешқандай мәдениеті болмаған ұсақ бұратаналарға қатысты айтарымыз, олардың жеке күнелтулеріне ешбір құқылары жоқ. Сондықтан олар орыс ұлтына қосылуға

міндетті, сөйтіп орыс мемлекетінің ұранын көтерсін, әрине, тиісті құқықтарын да пайдалансын», - деген ұранды берік ұстанғанын айтады (*Ковалевский П.И. Русский национализм и национальное воспитание. 1912. – Стр-185*).

Сол сияқты тағы бір ресейлік барлаушы, натуралист-саяхатшы Н.М. Пржевальский: «Тумысынан топас, жалқау, барлығына немқұрайлы қарайтын көшпенділерді қалайда қойды итше үргізуге болмайтыны сияқты, оларды да толыққанды өркениет адамына айналдыруға болмайды. Тіпті, өзінің иен даласында өзінше «бақытты өмір сүріп жатқан соларға, өркениетті өмірдің қажеті де жоқ» дегенді алға тартады («*Современное управление Азией*», «*Русский вестник*», 1886 декабрь, стр.476-481).

Ресей отарлаушыларының шектен шыққан жауыздығын жазушы Валериан Правдухин (1892-1939) өзінің «Годы, тропы, ружье» деген кітабында: «*Қазақтар мәскеуліктер үшін күзетші төбеттер сияқты болды... сорлаған көшпенділер, өздерінің ең жақсы жерлерінен айырылған құқықсыз халық...*» дегенді ашық айтады (*Советский писатель, Москва, 1968 г. 312-б*).

1747 жылы 21 шілде күнгі Үкімет Сенатының № 164-ші құпия қаулысында: «*Қазақ халқына қару-жарақ, оқ-дәрі, кремний, қорғасын сатпау керектігі жөнінде*» айтылса, (// «*Оян. Намыс kz*» журналы, № 1, 2010 ж. 33-б) 1747 жылы 31 желтоқсандағы екінші бір құпия қаулысында: «*Қазақтарды қорқытып ұстау мақсатында Оренбург губернаторы қазақтың бір немесе екі ауылын шауып, тірі жан қалдырмай қырып тастасын (әйелдер, қарттар, балаларымен қосып), - делінген.*

Осы орайда, шеп-шекара маңында орналасқан қазақтарды үрейде ұстау мақсатында Орынбор әскери губернаторы Неплюевтің тікелей нұсқауымен жүргізілген қанды жорық жайлы академик-заңгер Салық Зиманов жазады.

Ғалымның жазуы бойынша, бекініс тұрғындарының малын ұрлағандарды ұстауға және жазалауға ресми тапсырма алған подполковник Гаюс отрядының әрекеті. Бұлар 1841 жылы өте өрескел шапқыншылық жасаған. *Атап айтқанда:*

- Қаракұмды мекендеген Табын руына барған отряд 17 ауылды тонап, тас-талқан қылады.
- Шөмекей руына барғанда да сол қырғынды қайталап, 30 ауылда тірі жан қалдырмайды.
- Отряд ісі шектен шыққан зұлымдыққа барды. Мүліктерді өртеп, әйелдерге қорлық жасап, қарттар мен балаларды қырып тастады.

Ал, шындығында, бұл ауылдардың ұрлыққа ешқандай қатысы жоқ болып шыққан.

Патша ағзамның қолшоқпары Ахмет Жантөриннің өзі жоғардағы Гаюс қырғыны жайлы: «...осы ауылдарда адамдардың аяусыз қырылғаны сондай,

қашып-пысып тірі қалған жандар саны бірен-саран ғана еді», - дейді.

Аға сұлтан Баймұхамед Айшуақов 1841 жылы 1 қарашада жазған хатында: «...Көзіне түскендердің бәрін Гаюстың тобы ешқандай аяусыз қыра берген. Қалың сексеуілге тығылып үлгерген, ең аз бөлігі ғана сол қырғыннан аман қалыпты. Сосын әйел жыныстының бәрі бұрын-соңды болмаған зорлықпен масқараланған. Содан соң олардың емшектегі сәбилерінен бастап әр жаста барлық баланы аяусыз қатыгездікпен ту- рап және отқа өртеп, күлге айналдырған», - депті (*ЦГИА КазССР, Ф.У. оп. 1, Д-2003, л-15*).

Зертеуші Н.Тимофеев, Е.Федоровтардың «1837-1847 жылдары қазақ халқының тәуелсіздік үшін күресуі» деген жазбасында: «Қазақ халқын патша үкіметінің бүлдіруіне өте зор рөлі болған «репрессалия» дейтін заң, екінші сөзбен айтқанда, қарулы орыс әскерінің қазақ ауылына шабуыл жасауы, талауы, малын айдап алуы, қазақтың балаларын тартып әкетуі, т.т.

Бұндай зорлық-зомбылық жасау үшін орыстар, «қазақтар керуенді тонапты-мыс», «орыс поселкаларына шабуыл жасапты-мыс», деген өтірік жалаларды сылтау қылды. Бұл «репрессалиялар» көбінесе, хан мен сұлтандардың ұлықсатымен болды. Олар өздеріне қарсы шыққандарды осылай талатып, ықтырып отырды (*«Большевик Казахстана» №4, 1940 ж*).

Дәл осы сияқты жауыздық әрекеттерді жақтап генерал Гасфорт мырза жоғарғы үкіметке: «Біз үшін бұдан асқан тиімді тәсіл жоқ», - деп мәлімдегені тағы бар.

Жалпы Ресейдің осындай арсыз, имансыз іс-әрекетін американдық профессор Р.Смал-Стоцкий «*Орыс емес халықтарды ұлт ретінде жоқ қылып жіберу саясаты*» деп өте орынды бағалапты.

Осындай жауыздыққа ұшырағын халықтың күйі не болмақ. Арқа өңірінің үлкен ақыны Нарманбет Орманбетұлының тілімен айтқанда:

*Сахараға қарасаң,
Жайылған қойдай халайық,
Бітіміне қарасаң,*

Қасқыр жеуге лайық... деуі, немесе еліміздің батысында өмір сүрген үлкен ақын Ғұмар Қараштың:

*...Қара қазақ баласы,
Қайткенде адам болады?
Бәрі қатын жүректі,
Іздесең емге таппайсың,
Еңіреген жалғыз ері жоқ.
Аузы түкті бір хохол,
Шетінен ұстап сабайды,
Ойлап тұрсам бұларды,*

*Бұ күндегі жігіттің,
Кеудесінде жаны бар,*

Тірі дейтін жері жоқ... - деп, күйзелуі шын мәнінде, отарлаушылардың далалықтарға аяусыз басқыншылық жасағаны жайлы айтылған жыр-деректер.

Қазақтарды құлдыққа сату процесі. 1737 жылы 16 қараша күні қатын патша Анна Иоановнаның пәрменімен Сібірде (қазіргі еліміздің солтүстік өңірі) құл саудасын жүргізу заңдастырылды. Осындағы жарлықта: «...*Түземдіктер қолға түссе, оларды сатуға, шоқындырып, ақысыз-пұлсыз тегін ұстауға рұқсат етіледі*», - деп жазылған. Құлдық езгі әсіресе Ойрат хандығының құлауы мен орыстардың қазақ даласына ағылып келуімен байланысты күшейген үстіне күшейе түсті (*Дело», 1869, №3, 219-бет*).

1755 жылы жоғарыдағы құл саудасын заңдастырған қатын патша Анна Иоановнаның пәрменіне қосымша жарлық қабылданып, помещиктер сатып алған құлдарын тауар ретінде айырбастауға, оларды шоқындыруға ерікті делінген.

Бұл заң 1822 жылы «Сібір қазақтарын басқару» ережесі шыққан соң күшін жойды. Демек отарлаушылар 1737-1822 жылдары 85 жыл бойы қазақтарды құлдыққа сатумен айналысты.

Акадеик Манаш Қозыбаев: «Қазақ – отаршылықтың ең бір жексұрын түрін көрген ел. Кейбір тарихшылар: «орыс отарлауын ақтағысы келіп, орыстар құл саудасын жасамады, жергілікті халықты қырмады, тек ғана шикізатын пайдаланды», – дейді. Егер сіз проф. Фурсовтың 1915 жылы жарық көрген «Сибирские чтения» атты жазбасын оқып көрсеңіз, қазақтар әлемдегі ең жексұрын отаршылықтың түрін көргенін білесіз. Жазбада, отарлаушылар қазақтың қыз-келіншектерін пайдаланып жезөкшелер үйін жасақтау үшін арнайы қосын жіберіп, қазақтың жас қыздарын байлап-матап ұстап әкелгені жайлы, оларды базарда қойша сатқаны жайлы көрсетілген...», – дейді (*М. Қозыбаев. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 17-б.*).

Сол сияқты, қазақ оқығандарының бірі Телжан Шонанов мырза өзінің бір жазбасында құлдыққа сатылған қазақ қыздарының тағдыры ашына отырып баяндап: «Жарлы қазақтардың балаларын сатып алып, үкімет орысқа құл қылып бермек. Қыз балаларды каторгаға айдалғандарға қатын қылып бермек. Соның үшін патша 1825 жылы әмір қылады: «Қандай жолмен болса да қазақтан қыз балалар сатып алындар, оларды каторгаға айдалғандарға қатын қылу керек», - дейді (*Т. Шонанұлы. Жер тағдыры – ел тағдыры. Алматы, «Санат» 1995 ж. 38-б.*).

Жоғарыда Шонанов айтқандай, қазақ қыздарын сатып алып күң ретінде ұстау XIX ғасырдың ортасына дейін жалғасып келді. Саудаға түскен

қазақтардың (1737 жылғы дерек) құны:

- 40 жастағы қазақ әйелі – 12 сомға;
- 30 жастағы жігіт (әйелімен бірге) – 1 ат, 1 құлын және 16 сомға;
- 16 жастағы бозбала – 12 сомға;
- 20 жасар жігіт – 15 сомға сатылған.

Сол заманда құр аттың құны – 91.5 тиын екенін есепке алсақ құл саудасы аса тиімді болғаны байқалады (*«Северо-Казахстанская область» энциклопедия. «Арыс» баспасы. 2004 ж. 471-б).*

Осындай тиімді саудадан пайда табу үшін қазақ даласында адам аулау науқаны үздік-үздік жүргізіліп тұрған сыңайлы. Қазақ даласын зерттеуші ғалым Г.Н.Потанин өзінің бір жазбасында: *«Сібір орыс-казак жасағы Ирбітке құл сату үшін Қазақ даласына жиі-жиі жорық жасап тұрған. 1743 жылы қараишада жүзбасы Дороховтың 280 адамдық қарулы отряды Қазақ даласына шабуыл жасап, 42 ер адамды құлдыққа сату үшін тұтқынға алып, 812 бас мал айдап кетті»*, - дейді.

Қазақ жерінен құлдыққа түскендер Орал, Ертіс, Есіл шекара шебіндегі бекіністерге сатылып кететін. Жалпы Ресей көлемінде құл сататын үлкен базар 1631 жылы ашылған Ирбіт (Ирбит) жәрмеңкесі болды. Мұнда құл саудасы XVI ғасырдың ортасында қатты қарқын алған. Онда ересек құлдар 25-50 сом аралығында, балалар 10-25 сом көлемінде сатылған.

Патша ағзам қазақтарды құлдыққа сату жайлы ұлықсат бере отырып, үкіметке бағынышты қазақ сұлтандарына құл ұстауға мүмкіндік жасаған. Бұл жайды «мүмкіндік» дегеннен гөрі империяға бағыншты түркітестер арасына от тастау дегенге саяды.

Мысалы, 1755 жылы 5 кыркүйекте жоғары мәртебелі патша Нұралы ханға жолдаған грамотасында: *«Қашқан башқұрттардың әйелі, бала-шағасы, мал-мүлкі сізге және сізге қарасты старшын-сұлтандарға сыйлық болсын»*, - деген. Осы оқиға қазақ дала-сында құл пайдаланудың заң жүзіндегі алғашқы актісі болды - дейді Крафт (*Крафт Н. Қырғыз даласындағы құлдықтың жойылуы. Орынбор. 1900, 140-б).*

Осы тұстағы қазақ жұртының ахуалы жайлы Шоқан Уәлиханов досы А.Н. Майковке жазған хатында: *«Сібірде бұратаналарды тек итке талатпайды, одан басқаның бәрін істейді»*, - дейді.

Зерттеуші-журналист Амантай Кәкен «Зұлмат жылдардың запыраны» атты зерттеу еңбегінде: *«Құл саудасына түскен қазақтардың құны базар нарқына байланысты өзгеріп тұрған. Мәселен, 1737 жылы 40 жастағы әйел 12 сомға, 30 жастағы жігіт (келінше-гімен қоса) 1 ат, 1 құлын және 16 сомға бағаланған. 1748 жылы Әулие Петр қорғанында 25 жастағы әйел құлынды бие және шұға шекпенге айырбасталған. 20 жастағы қазақ*

жігіті 15 сомға жеткен. Сол кездің бағасымен ірі қара малдың екі пұт (32 килә) еті 80 тиын, ал, аттың құны 91,5 тиын болғанын ескерсек, қазақты құлдыққа сату аса тиімді бизнес көзі болған», - дейді (Тағдырларды біріктерген Қазақстан. – Астана, 2010. – 61-б.).

Балалардың құлдыққа сатылғаны туралы мәлімет. Қазақ даласында балалардың құлдыққа сатылуы, біріншіден, далаға шеп-белдеу және бекіністер пайда болып, ғасырлар бойы мекен еткен жерінен айырылған қазақтар ашаршылыққа ұшырады. Оның үсті- не, отарлаушылардың әскери отряды «шепке шабуыл жасады» деген желеумен қырғын-сүргін ұйымдастырды. Осындай жаугершілік һәм ашаршылықтың салдарынан дала да бала сату науқаны қызды.

Орыс зерттеушісі А.И. Левшин: «Малы мен жерінен айырылған қазақтардың ат-көлігі барлары шетке босып қашса, аса ауыр тұрмыс-тауқыметіне тап болған жанұялар өз балаларын құлдыққа сата бастады. 1815 жылы Кіші жүз жерінде бір айдың ішінде 200 қазақ баласы өте арзанға сатылды», - деп жазады (Левшин А.И. Описание Киргиз-казачьих или Киргиз-кайсацких орд и степей. СПб., 1832. Ч.3. стр 88-89).

Сол тәрізді, Петербор Ғылым академиясының мүшесі, профессор В.И. Даль: «Шекара бойындағы қазақтар осы қыста тағы да өз балаларын сата бастады. Жақында мен 75 сомға (ассигнациямен) сатып алынған төрт ер баланы көрдім» десе, («Северная пчела» журналы. №101, 1834 ж) 1802 жылы Тройцк қалалық таможна мекемесі Сауда министрі Румянцовқа жазған қызметтік докладта: «Қазақтардың көбі жалаңаш-жалпы, еркегі, әйелі, балалары қаңғырып қайыр сұрап жүреді. Бұлардың аянышты халы көзге ерекше түседі» деген жолдар бар.

Қысқасы, 1819 жылы І Александр патша «бұратана балаларын құлдыққа сатуға, алыпсатарларға сатып алуға рұқсат еткен құжат қабылдайды. Сол сияқты Алексей Левшиннің де жазбасында (1832 жылы жарық көрген): базарда сатылып жатқан қазақ балаларының құны жайлы дерек бар. Онда, ер бала – 4-5 қап арыш бидай, қыз бала – 3-4 қап арыш бидайға сатылғаны айтылады (КІТАП.kz // Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. XVI кітап. 212-б). Керекулік тарихшы Жеңіс Марданұлы: «Осы заң шыққан тұста орыс-казак атты жасағы қазақ ауылдарын шауып, қолға түскен балаларды жеке өндірісі бар помещиктерге сатумен шұғылданды», - десе, (Жеңіс Марданұлы. Шежіре. Ертіс – Баянаула өңірі. – Павлодар. «Дауа», 1995. 1-кітап. 40-б) көрнекті тарихшы Е.Б. Бекмаханов: «Басыбайлы еңбек күшін пайдаланатын ірі-ірі тау-кен заводтарының иесі мен орыс помещиктеріне балаларды құлдыққа сату туралы Александр І патшаның арнайы шығарған заңы арқылы рұқсат беруінің нәтижесінде, Гурьевте бір айда 100 қазақ баласы: ұлдар – 4,5 дорба, қыздар – 3,4 дорба кара бидай ұнына

сатылды», - дейді (Т. Жұртбай. *Күйесің, жүрек... сүйесің.* – Алматы, «Қайнар» 2009. 61-б).

1911 жылы Семейде шыққан «*Записки географического общества*» атты басылымының 5-ші бетінде: «1808 жылы орыстар қазақ балаларын сатып алуға және айырбастауға үкімет атынан құқық алды, бірақ сатып алынған құлдар 25 жасқа толғанда еркіндік алатын болды. Бұл әлі либералдық заң еді. Өйткені, бұл заң шықпай тұрып орыс-қазақтар және әртүрлі әскери қызмет атқарған адамдар қазақтардың әйелдерін, балаларын және жұмысшыларын күшпен тартып алатын еді. Біраз воевода қазақ әйелдерден гарем ұстайтын. Әйелдердің бағасы салыстырмалы өте төмен болды: 7 жастағы қыз 20 тиын тұрды, ал ұл бала 25 тиын, ересектердің бағасы 10-нан 20 сомға дейін көтерілді. Сауда өткізетін орталық ол Ірбіт жәрмеңкесі болды», – деп жазады («*Амантай Кәкен: «1937 нәубетінің тамыры тереңде».* «Ел» газеті. № 13-14 (89-90); 29.03.2007 ж).

Жазушы Сәбит Мұқановтың «*Қазақтың ХVIII-XIX ғасырдағы әдебиет тарихының очерктері*» атты 1942 жылы жарық көрген еңбегінде: «1819 жылы I Александр патша қазақтың балаларын сатып алуға, басқаға сатып сауда жасау туралы заң шығарды. Бұл оқиға жайлы Алексей Левшин 1832 жылы жазған «Қырғыз-қазақ ордаларының тарихы» атты кітабында: «базарда қазақтың ер балаларының сатылатын құны 4-5 қапшық арыш бидай, қыз баланың бағасы 3-4 қап арыш еді» дейді. Және бір айда қазақтан 100 бала сатылғанын айтады (*Жұлдыз журналы, 1991 жыл, №6, 149-б*).

Атамыз қазақтың, «жау жағадан алғанда, бөрі етекпен тартады» дегендей, өздері ашаршылыққа тап болып, аман қалу үшін бала-шағасын сатуға мәжбүр болған қазақтарды екінші жақта, отарлаушылардың қолшоқпары орыс-казак атты жасағы олардың балаларын тартып алып, мал-мүлкін тонау ісімен айналысты.

Тарихшы А.И. Левшиннің жазбасында: «Әскери іздеу» деп аталатын қарулы жазалау экспедициясы дүркін-дүркін ауылдарды ойрандап, мал-мүлкін тонады. Мысалы, 1830 жылы осындай отряд бір ғана Байбөрі еліне зорлық жасап, 12 мың қой, 2 мың жылқы, 1500 сиыр, 700 түйе айдап кетті» дейді (А.И. Левшин. «*Қырғыз-қазақ, немесе қырғыз-қазақ ордалары мен даласының сипаттамасы*» III бөлім, 1832. 90-б.).

Құлдықты жою құжатнамасының қабылдануы. 1808 жылы 23 маусымда шыққан жарлықта: «Барлық ерікті орыс азаматтары қырғыз (қазақ) балаларын айырбастауға, сатуға, мынадай жағдайда рұқсат беріледі:

1. Жасы 25-ке жетсе;
2. Айырбасшылар мен сатып алушылар бұл жөнінде (сату, айыр- бастау, сатып алу, алмастыру жөнінде) Орынбор шекаралық комиссиясына мәлімдесе;

3. Әрбір сатып алушы тұтқынды басқа біреуге беруге ерікті делінген («Дело», 1869, №5, 89-бет).

1819 жылғы 13 ақпандағы Сенат бекіткен жарлықта: «Қырғыздар және қырғыз әйелдері 1808 жылғы жарлыққа дейін сатып алынғандар және жарлықтан кейін сатып алынғандар деп бөлінгендіктен, алғашқылары өмірінің ақырына дейін қожайынының қолында қалады, ал соңғылары 25-ке толғаннан кейін азат деп есептелінсін», - делінген («Дело», 1870, №2, 119-бет).

XVIII ғасырдың бірінші жартысында басталған құл саудасы 1822 жылғы 22 шілдеде қабылданған «Сібір қырғыздары туралы жарғы» негізінде тоқтатылды. Аталмыш жарғының 276-параграфында: «...Осы күннен бастан жаңадан құл ұстауға қатаң тыйым салынсын!» делінген. Бірақ Н.Крафттың дерегі бойынша: «қазақ даласында құлдықтың толық жойылуы 1875 жылдан кейін орнады», - дейді.

Расында, қазақтарды құлдыққа сату оқиғасы 1822 жылы патша үкіметі заң қабылдап тыйым салғанымен тоқтаған жоқ. Тағы бір құжатта 1859 жылы Батыс Сібір генерал губернаторы Г.Х. Гасфордтың бұйрығымен 400-ге жуық қырғыз (қазақ) құлға бостандық берілгені туралы мәлімет бар.

Орыс саудагерлерінің отарлау ісіне тартылуы. Қазақ даласын отарлау саясатының бір тармағы сауда-саттықта жатты. Ресейдің арзанқол бұйымдарын қазақтарға айырбастау үшін үкімет әуелі, шығыста Қытайдан, түстікте Бұхар өлкесінен келетін керуен жолдарын қиып тастау арқылы орыс тауарларына деген мәжбүрлікті қолдан жасады.

Осылай Ресей саудасы халықты талап-тонаудың тағы бір мәдениетті тетігіне айналды. Саудагерлер өздерінің өтпей қалған арзан тауарларын қазақ даласына қарай тоғытты. Олар: сапасы төмен, қалалықтар тұтынудан қалған шай, кант, кәмпит, т.б. дүниелер. Бұл дүниелерді ресейлік өндірушілер «қырғыз (қазақ) тауарлары» деп атады. Бұл бұйымдар қазақтарға өз құнынан 10-15 есе қымбат сатылып, орыс көпестері шаш-етектен пайда тапты.

Екіншіден, саудагерлер қазақтың қолындағы мал өнімдерін (тері, жүн-жұрқа, ет, т.б.) шикізат ретінде су тегін бағаға алып, қым-батқа өткізді. Осындай жағдайға қаныққан күллі Ресейдің алаяқтары қазақ даласына қарай ағылды. Бұлармен бірге, қазақ даласында алдап-арбау, тонаушылық қатар өрістеді. Бұрынғы мұсылман саудагерлері қалыптастырған шариғи сауда әдептері аяқасты етілді.

Осылай Қазақияның ежелгі қалыптасқан тұрмыстық жүйелі өмірін Ресейдің капиталистік қоғамы тас-талқан етті. Көшпенді өмірді бастан кешіріп, бейбіт өмір сүріп жатқан қазақтарға салық салу басталды. Орыстың байлары қазақ даласын шикізат көзіне айналдыру арқылы байлыққа кенелді. Олар қазақ жеріне үлкен өндіріс ошақта-рын салуға ешқандай құштар болмады.

Мысал ретінде айтар болсақ: мақтаға бай Түркістан өлкесіне тоқыма фабрикасын салдырмау жайлы генерал-губернатордың өтінішін патша мақұлдаған. Себебі, «Ресей жеріндегі Иваново-Вознесенка, Мәскеу тоқыма фабрикаларына бәсекелестік тудыруға болмайды», – деп шешкен.

Зерттеуші Жеңіс Марданұлының пайымдауынша, «Қазақ даласы орыс көпестеріне майшелпек болғаны сонша – олар ойларына не келсе соны істеді. Аңқау, аңғал қазақты алдап жер соқтырып кету, саудада уәдеде тұрмау, тиесілі затты бермей қою т.с.с. қиянаттар етек алды. Үкімет орындары мұндай әділетсіздікті тыюдың орнына өздері отарлаушылардың мүддесін қорғады», - дейді (Жеңіс Марданұлы. *Ертіс – Баянаула өңірі. 1-кітап. – Павлодар. «Дауа», 1995. 49-б*).

Сібір өлкесін зерттеуші Н.М. Ядринцевтің жазуынша, ...әскери және мемлекеттік отарлаудан кейін өнеркәсіптік, сауда отарлау жалғастырылғаны айтылады (Ядринцев Н.М. *Сибирские инородцы, их бытъ и современное положение. Этнографическая и статистическая исследования с приложениями статистических таблиц. - Спб., 1891, с. 132*).

Ал, өлкетанушы-ғалым Г.Н. Потанин: «Ресей өзі һәм тірі нәрсе-лердің кіл жаманын колонияға жіберіп, колонияның ең жақсы нәрсе-лерін өзіне алып отырды» дегенді ашық айтады (Т. Шонанұлы. *Жер тағдыры – ел тағдыры. – Алматы: «Санат» 1995. 25-б*).

Яғни, патшалық Ресейдің экономикалық сауда арқылы отарлау саясаты жөнінде академик Салық Зиманов өзінің «Общественный строй казахов первой половине XIX века» атты еңбегінде: «Орыс көпестері мен капиталистер қазақтардан малдың жүні мен терісін өте төмен бағаға сатып алып, Орталық Ресейдің сапасы төмен арзан тауарларын жоғары бағаға өткізіп, қазақтарды қанау арқылы пайдаға кенелді», - деп жазады (Зиманов С.З. *Общественный строй казаков первой половине 19 века. А., 1958*).

Сол сияқты, орыс ғалымы граф Сухотелень: «Қазақтар біз үшін көшпелі жұрт ретінде пайдалы, өйткені, олар біздің мата бұйымдарды тұтынатын бірден-бір халық, сондықтан, оларды өндіріс көздеріне жолатпай, жартылай жабайы түрде ұстаған дұрыс», - дейді (Царская колонизация в Казахстане. Алматы. «Рауан», 1995). Осы саясат Кеңес Одағы кезінде де жүргізілді.

Ресей көпестері арзан сауданы қыздыра түсу үшін қазақтармен шектескен шекаралық елді-мекендерге «Меневои двор» (Айырбас қорасы) атты сауда нүктелерін ашты. Осы нүктелер Орынбор, Троицк, Қызылжар, Омбы, Семей, Өскеменде, кейінірек Ақтөбе, Ырғыз, Атбасар, Тайынша, Қоянды, Шу бойында пайда болды. Орыс саудагерлері Ресейдің жеңіл өнеркәсіп тауарларының құнын бірнеше есе қосып, қазақтарға сатты. Қазақтар

мәжбүрліктен ол заттарды малға айырбастап алып отырды. 1912 жылдың қортындысы бойынша, Ақмола уезінде жоғардағы айырбас саудадан орыстар 63 млн. сомның, Орынбор базарында тек жүн-жұрқадан 1 млн. 778 мың сомның пайдасын тапқан (*Сәбит Мұқанов. Халық мұрасы. – Алматы, «Жазушы». 2005 ж. 74-б).*

Бірақ мұндай шекаралық сауданы үкімет қош көрмеген сыңайлы. Себебі, сауда-саттықтан түсетін салықты бақылау мүмкіндігі азайғандықтан, кешікпей басқаша шаралар қабылдаған. 1771 жылы қазақ даласын көктей өткен орыс саяхатшысы, капитан Николай Рычков күнделік жазбасында: (Шаңды жорық кезінде), қазақ даласының шебіне келіп қоныстанған шаруалар өз өнімдерін көшпелі қазақтарға сатып, айырбас жасауға ерікті болды. Әсіресе, астық өнімдері қатты өтті. Сондықтан да, орыс шаруалары астықты өте көп өндіріп, оны табын-табын сиырға айырбастады. Бірақ мал-мүліктен алым жинаумен шұғылданатын мекеме қызметкерлері шаруалар мен қазақтардың айырбас саудасына қатаң тыйым салды. Бұл менің ойымша, қазақтарды Орынбор мен Троицк қамалына барып сауда жасауға итермелеу, сөйтіп, сол жерлерде баж салығын алып тұру үшін істеліп отыр, - деген деректі алға тартады (*Әбдуәли Қайдар «Қазақ қандай халық?». «Дайк-Пресс», Алматы 2008. 257-б).*

Орыс саудагерлерінің сауда-отар саясатын жүргізудегі әдіс-айласы:

- қазақтардың қолындағы мал өнімдерінің бағасын жоғарылатпай ұстау үшін күллі саудагерлер бір баға ұстанудан айнымай қатаң бірлік танытты;
- ресейлік өнеркәсіп тауарларының бағасын бәрі бірдей көтеріп, бір деңгейде қымбат ұстады;
- қазақтардың қолына патшаның күміс ақшасын түсірмей, баспа-бас айырбас сауда жасауды қатаң қадағалады. Себебі, айырбас сауда кезінде көпестер ақша құнымен салыстырғанда өте көп ұтысқа ие болды.

Осындай саясаттың нәтижесінде құны баламасыз айырбас сауда (неэквивалентная торговля) өрістеді. Атап айтқанда:

- Құны 25 тиын тұратын 1 қадақ (*1 қадақ – 409,5 грамм*) шай (қант) қойдың жарты етіне (жарты қойдың еті – 1 сом) бағаланды.
- 6-7 кез шыт (*1 кез – 71 см. Бағасы – 5 тиын*) 1 қойға (*тоқты – 1 сом, үлкен қой – 2 сом*) айырбасталды.
- Ресейде бағасы 7 сом тұратын 1 самауыр – 20 қойға сатылды.

Ал, қазақтардан сатып алынатын шикізаттың құны:

- ✓ 2 жастағы қой – 1-1,50 сом.
- ✓ Құнан қой – 2 сом.
- ✓ Дөнен қой – 3 сом.
- ✓ Тайынша – 3-4 сом.
- ✓ Құнан өгіз – 4.50 сом.

✓ Дөнен өгіз – 10-12 сом.

✓ Қой терісі – 15-20 тиын болған (*М. Красовский «Область си- бирских кыргызов». 2 том, 1868, 292-294 бб).*

«Ақ шом» айналымының жабылуы. Ресей саудасы келмей тұрғанда қазақтар шығыста Қытайдан, түстікте Бұхар өлкесінен келетін керуендер халықтың сұранысын қанағаттандырып тұрған. Әрі күзде солтүстіктегі қазақ малшылары өзінің жүн-жұрқасын түйеге қомдап, оңтүстікке аттанатын. Әр үйден, ауылдан белгілі азаматтар ере шығады. Осы керуенді халық арасында «ақ шом» деп атаған.

Сарыарқа мен Мұғаджардан ағылған «ақ шомшылар» күзде қаздай тізіліп оңтүстікке кетіп бара жатқан. Қайтқан құстармен қоса даланы дуға бөлеген бұл салтанатты көріністі Абайдың жырлауы тегін емес.

«Ақ шомшылар» арысы Бұхара, Самарқан, Хиуа, берісі Түркістан, Шаштан (Ташкент) «тамыр» табады да, әлгі апарған тері-жүнін астыққа айырбастайды. Әркімнің өзінің күні бұрын келіскен адамы бар. Екі жақ та өзгеге қолындағысын бермейді. Өнімдерінің сапасы- на сенеді. Жұт, қуаңшылық жылдары несиеге алады. Сауда мұсылман әдебімен жүргізіледі, алдау-арбау деген болмайды.

Ал, орыс көпестері осы бір мұсылманша сауда әдебін быт-шыт қылды. Әрі өздерінің арзан саудасын өткізу үшін «ақ шом» керуен жолын әскер күшімен жапты. Ел-жұрт еріксіз ресейліктердің сапасыз та- уарын тұтынға мәжбүр болды.

Алашшыл ғалым Тұрсын Жұртбай: «Ақ шомның» негізі есте жоқ ескі заманда қалыптасқан. Ол кезде Ресейдің қандай мәдени-экономикалық дәрежеде болғаны бір тәңірге ғана аян. Анығы, көшпелілердің тіршілік саясаты айналымға құрылған. Олар бұл түзілімді бұзғандарды аяусыз жазалап, тиісті сыбағасын сыпырып алып отырған, - дейді (*Тұрсын Жұртбай. «Күйесің, жүрек... сүйесің». Алматы, «Қайнар» 2009. 72-б).*

Абайдың «...Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың өлісінің ахи- реттігін, тірісінің киімін сол жеткізіп тұрды» дейтіні де осы. (*Екінші қарасөз*)

Қазақ даласының қазба-байлығының тоналуы. XV- XVII ғасырлар арасында Ресей қазақ даласын территориялық отарлаумен қатар табиғи қазба байлығына да қол салды. Ол үшін географиялық мәліметтер жинап, барлау жұмысын жүргізді. Осы барлау-зерттеудің нәтижесінде «*Чертежи всей земли безводный и малопроездной каменной степи*» атты сызба еңбек 1697 жылы жарық көріп, бұл туынды 1701 жылы Семен Ремизов құрастырған «Сібірдің сызба кітабына» енді. Соңғы еңбекте Қазақстан жерінің көптеген қазба байлықтары туралы қысқаша мәліметтер берілген.

Этнограф-ғалым Жағда Бабалықұлы: «1719 жылы Петр патша «Сібір мен қазақ даласындағы бейіттер қазылсын» деген жарлық шығарып, табылған

құнды заттар (байырғы қолданбалы өнер туындылары, алтын-күміс бұйымдар) түгел Петербордағы мұражайға өткізілсін», - деп тапсырғаны жайлы жазады.

Оның алдында Сібір генерал-губернаторы Гагарин Сібір және Қазақстанның солтүстігіндегі, сондай-ақ, шығысындағы қорғандардың бәрін қаздырып, сақтар дәуіріндегі алтындардың бәрін жинап, қорытып, сатып, өз пайдасына жаратқан. Бүкіл Қазақстанның территориясындағы қорғандарды құртып, бейіттің ішінен табылған жарамды нәрсенің бәрін сыпырып кеткен. Бұл шаруаға 4000 адамы бар бірнеше полктың әскері жұмылдырылған.

Ал, жазушы Смағұл Елубай болса: «Қазақ жерін тонау сонау Ермак жорығынан басталды. Мысалы, бір ғана Том губерниясына қарасты Алтай жерінен 4300 қорғанды тонаған. Бұл үрдіс бақандай 3-4 ғасырға созылды. Сол сияқты, 1860-70 жылдары Түркістан өлкесін отарлаған Ресей шенеуніктері генерал-губернатор фон Кауфманның бұйрығымен өлкені оңдырмай тонады. Хиуа ханының күміс тағы Кремльдің қару-жарақ палатасына апарып қойылып, аса құнды қолжазба кітаптар Ресейдің «Азия» мұражайына тасылды. Хиуа ханының мөрі «Царьскосельский» қорына қойылды», - дейді (*Тіл және Қоғам. «Постколониализм немесе отаршылық ойраны» № 2, 2006. 34-б*).

Орман-тоғайдың оталуы. 1880 жылдарға дейін Ертістің (*Омбы-Кереку аралығы*) бойында өзен жиегінен 100-150 шақырымға дейін созылған кеңістікте ойдым-ойдым тоғай болған. 1884 жылы Мемлекеттік мүлік басқармасы осы тоғайларды келімсек мещандарға сатып жібереді. Сатып алушылар тоғай бойын қоныстанған қазақтарды қуып шығып, ағаш сатуды пайдалы кәсіпке айналдырды. Тоғайдың ағашын отап, құртудың салдарынан тұзды сорлар пайда болды.

Осы оқиғалар жайлы Ресей мемлекеттік бақылау палатасының аға ревизоры Мельников 1903 жылы Омбыда жарық көрген «Дала облыстарынбасқару жөніндегіережежобаныңкемшіліктері» аттыжазба-сында: «Орман-тоғайды есепсіз құртудың салдарынан Ертістің кейбір тұстарынан жүзіп өту онша қиын болмай қалды. Әсіресе, Колосковский, Савич, Павловский сынды көпестер ағаш дайындаудан түсетін пайдаға құнығып, қазақ даласына істеген жауыздықтарынан жан түршігеді», - деп жазады (*Жеңіс Марданұлы. Шежіре. Ертіс – Баянаула өңірі. – Павлодар. «Дауа», 1995. 1-кітап.45-б*).

Әрине, орман-тоғай оталған соң онда мекендейтін аң-құстарда құрып кетері заңдылық. Мысалы, отарлаушылар келмей тұрғанда қазақ даласында мысық тұқымдасқа жататын ірі жыртқыш – Тұран жолбарысы XIX ғасырдың аяғына дейін еліміздің әр түкпірінде, әсіресе, Қорғалжын көлдері мен Сырдарияда, Шу, Іле, Жетісу бойында, Балқаш көлінде молынан кездесетін.

Елімізге қарашекпенділердің ағылып келуімен 1905-1910 жылдар арасында отарлаушылар Сыр бойынан соңғы 9 жолбарысты атып, тұқымын

кұртты. 1912 жылы Шу маңайындағы соңғы 2 жолбарыс оққа ұшты. Сол сияқты, Сандықтау, Бурабай ормандарының сәні болған қоңыр аюда отарлаушылар тарапынан жойылды. Ең соңғы аю 1896 жылы құртылды (*Қасым Тәукемов. Ойтұмар. Астана – 2008. 15-б*).

Қазақ даласында ресейлік салық саясатының заңдастырылуы.

1704 жылы I Петр шекара маңына жақын жердегі көшпелі қазақтарды бағындырып, салым-салық алу туралы жарлық шығарды.

- 1748 жылы Ресей өздеріне бағынышты хан-сұлтандарға жа- лақы тағайындады.

- 1763 жылы Орта жүз қазақтарына салынатын салық мөлшері белгіленді. Есеп бойынша 180 мың ер адам бар деген долбар алынып, олардан салық ретінде 165 мың рубль алынатын болды.

Орынбор Шекара Комиссиясының төрағасы Ладыженскийдің Орынбор әскери губернаторы Обручевке жазған хатында: «...қазақ халқы мақрұм надандығынан мәңгі айырылмаса екен, шептің қол астында көз жұмып, бас шұлғитын алым-салық төлеуші күйінде қалса екен», - деп тілейді (*Е. Бекмаханов. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. – Алматы, «Санат». 1994. 124-б*).

1831 жылы қазақ даласында Ресейдің көптеген әскери дистанци- ялары құрылып үлгерді. Атап айтқанда, Орта жүз жерінде – 20, батыс өңірде – 8, еліміздің шығыс жағында – 28 әскери құрлымы іске қосылды. Енді осыларды ұстап тұру үшін қажет қаржыны үкімет жергілікті халыққа алым-салық салу арқылы өндіруді талап етті.

Осындағы қазақ жерін отарлаушы әскери құрлымдарды ұстап тұру үшін патшалық үкімет жергілікті халықтан:

1. Ішкі шараларға;
2. Әскери шараларға;
3. Сот қажетіне;
4. Дін ісіне;
5. Сұлтандар қажетіне;

6. Шаңырақ, яғни түтін салығын, төлеп тұруды күштеп міндет жоғардағы салықты төлеп, тарықпай өмір сүруі үшін оның меншігінде: 20 жылқы, 30 ірі қара, 100 қойы болуы керек деген қорытынды жасаған (*Алдан Смайыл. Астана ғасырлары. – Астана: 2010. 132-б*).

Осы 6 түрлі салықты төлеп тұру бұқараға оңайға түскен жоқ. Ақ мола облысы бойынша мал санағын жүргізіп, салық нормасын есептеушілердің бірі Г.Колмогоровтың анықтауы бойынша, әр қазақ отбасы жоғардағы салықты төлеп, тарықпай өмір сүруі үшін оның меншігінде: 20 жылқы, 30 ірі қара, 100 қойы болуы керек деген қорытынды жасаған (*Алдан Смайыл. Астана*

ғасырлары. – Астана: 2010. 132-б).

Алым-салық түрлері әр өлкеде әрқилы атаумен жүргізілді. Мысалы, Кіші жүз аумағында «*кибиточный сбор*» десе, Орта жүзде «*ясык*», Бөкей ордасында «*зекет*» деп аталды.

Ясык салығы 1832 жылы заңдасты. Яғни, түйеден басқа малдың әрбір 100-інен бір бас алынады. Ясықты мал немесе ақшалай төлеуге байланысты соғысқа жарамды ірі жылқының бағасы күміс ақшамен - 10 сом, ірі қара мал - 5 сом 72 тиын, қой-ешкі - 57 тиынға бағаланды. 1837 жылы патша ағзам Кіші жүзге түндік салығы дегенді енгізді. Әр түндік 1 сом 50 тиын төлеуге тиіс болды.

Ел ішінен жиналып алынған бұл салық Шекара Комиссиясына берілді. Көп жағдайда үкімет халықтан ақша орнына қой, бидай, тары, арпа, т.б. заттай алым алды. Яғни, түтін салығын өтеу үшін әрбір отбасы 6-8 пұт бидай (1 пұт бидай базарда – 20-30 тиын) беретін норма енгізілді (*Е.Бекмаханов. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы, «Санат». 1994. 138-б).*

1837 жылы салық мөлшері әр шаңырақтан 1 сом 50 тиын болса, 1868 жылы 3 сом 50 тиынға дейін өсті (Бұл заманда бір тайыншаның бағасы 3 сом болған). Бұдан басқа қазақтар жерге мал жиғанда, шөп шапқанда, салық төлеп тұрды.

1860 жылдан бастап Орта жүз қазақтарына шаңырақ салығы (подворное обложение) енгізілді. Әрбір түтін күміс ақшамен 3 сом беруі тиіс. Қазақтар «қарашығын» деп атаған бұл салық халықты қатты күйзелтті. Көрнекті жырау Дулат Бабатайұлының:

Жарлылардың торпағы,

Бір торпақтан он болып,

Пысықтардың ортағы,

Қарашығын алымы,

Бай, кедейге бірдей боп,

Шаңыраққа салынды, - деп жырлауы біздің сөзімізге дәлел болады («Бес ғасыр жырлайды» – Алматы, 1991, 207-б)

Жалпыға ортақ салық түрлері. «Қазақ» газетінде жарияланған Әлихан Бөкейхановтың «Екі жол» деген мақаласында: «Біз Ертісте 150 жыл отырмыз. Ертіс тоғайының аты – қоныс алған кілең бабамыздың аты. Ертісті өрлей, қуалай жүрген адамдар біледі. Ертіс – бізге атақоныс болған жер. Біз Ертісті Жоңғарды күшпен қуып, қоныс қылғанбыз. Алғашқы 70 жылда ешкімге алым төлемей пайдаланғаны- мыздың жөні осы еді. 1839 жылы бүліктен кейін де жарытып ақша тө- леген жоқ едік. Әр қазақ руымен бұрынғы атақонысында отыра беріп еді. ...1897 жылғы шартта жазғанда қазақ үй басына орыс-казакқа жылына 10 сом төлеуші еді. Енді осы 10 сом 20-40 сом болды. Пайда- ланған жер – баяғы он шақырым. Біз осыған қарамай, Ертіс бойында отырмыз. Үй

басына 40 сом төлеу оңай емес. Барар жер жоқ. Қан төгіп, кір жуып, кіндік кескен атақонысымыз – Ертіс. Мұнан кетсек, бұдан неше есе бақытсыздыққа кез болуымыз анық», - деп ащы шындықты ашына жазады («Қазақ газеті». 1915 ж., №156)

Қысқасы, қазақтар жалға алған жерлерін пайдалану барысында көптеген алым-салық төлеуге мәжбүр болды. Атап айтқанда:

Түтін салық. (Подымная плата). Бұл салық жалға алған жерде тұрған әрбір баспана, яғни, қыстаулық үшін әрбір шаруадан 1 сомнан 7 сомға дейін алынатын болған.

Шабындық салық. (Аренда покосов). Казак-орыстар өздері иеленіп алған байтақ жерді шабындық үшін қазақтарға жалға беріп, паек алып отырған. Паектің құны шөптің шығымына байланысты өз-геріп отырған.

Жайылым ақы. (Аренда пастбищ). Жалға алған жайылым үшін қазақтар «көк алым», «тұяқ ақша», «ақ торық» дейтін салық түрлерін төлеген.

Көк алым – шабындықтағы шөп шабылған соң, сол жайылымға жіберілген мал үшін төленетін салық. Төлем мөлшері – казак-орыстардың көңіл-күйіне байланысты 30 тиыннан 5 сомға дейін.

Тұяқ ақша – шөбі шабылмай қалған тоғай арасындағы қалың шөпке қыста мал жайғанда берілетін салық. Төлем мөлшері – мал басына – 3-30 тиын.

Ақ торық – Ертіс жағалауындағы аппақ селеу қаптаған қыратты алқаптар бәс саудаға (торгқа) салынып қазақтарға жалға берілген. Қазақтар бұны «ақ торық» деп атаған. Төлем мөлшері – 50 тиыннан 1 сом.

Осы жоғарыдағы үш алым бойынша салық төлеген Семей облысы Павлодар уезінің қазақтары (барлығы 6736 шаруа) бір жылда:

1. Түтін салығына – 7557 сом 89 тиын;
2. Шабындық салығына – 76820 сом 70 тиын;
3. Жайылым ақыға – 2840 сом 80 тиын;

4. Барлығы – 89 219 сом 39 тиын төлепті. Яғни, әрбір казак шаруасы жылына орта есеппен 13 сом 25 тиын салық төлеген. (*Осы тұста бір ірі қараның базардағы бағасы 5-6 сом аралығында болған*). 1903 жылдары казак жерін пайдаланудың деректемелік негізін жасаған географ Ф.Щербинаның мәліметіне жүгінсек: «...жерді пайдаланғаны үшін төленетін бұл салықтар үкіметке берілетін әр түрлі алым-салықтардан екі есеге жуық көп болған», - дейді (*Жеңіс Марданұлы. Шежіре. Ертіс – Баянаула өңірі. – Павлодар. «Дауа», 1995. 1-кітап.48-б*).

Түркістан өлкесіне жаңа салық ережесінің енгізілуі. Түркістан өлкесі толықтай Ресейге қосылуы аяқталған тұста, өлкені отарлау ісіне жұмылдырылған 50 мың адамдық армия сақталып қалды. Бұдан былай өлкенің әкімшілік аппаратты мен жоғарыдағы әскерді халықтан салық жинау арқылы

асырауға тиіс болды.

Сөйтіп, жергілікті тұрғындардан салық жинау жүйесі қайтадан жасалды. Бұрынғы түтін салығына земстволық алымдар қосылды. Олардың мөлшері де жылдан-жылға өсіп отырды. Отырықшы аймақтарда жер салығы деген енгізілді. Бұл салықты жер өңдеуші тек ақшамен күзде төлеуге тиіс болды. Земстволық салық әкімшілікті ұстауға, көпір, жол жөндеу мен дайындауға жұмсалды.

Көшпелі және жартылай көшпелі тұрғындардың негізгі салығы 1865 жылы 1,50 сом болса, 1882 жылы 4 сомға жетті. Олар тағы да земстволық немесе қоғамдық салықтар (*ауыл старшыны мен түземдік әкімшілікті ұстау үшін*) т.б. ақшалай алымдар төлеуге тиіс болды.

Әрбір қазақ шаңырағы төмендегідей мөлшерде салық төлеп тұрды:

- . түтін салығы - 4 сом,
- . земство салығы - 1 с. 25 т,
- . қоғамдық салықтар (жеке салықтар) - 1 с. 25 т,
- . мектептерге - 50 тиын, барлығы 7 сомды құрады.

Сонымен қатар отарлаушы үкімет өлкеге бұрынғы «қарашығын» салығының жетілген түрін енгізді. Бірақ салықтың нақты мөлшері тоқтатылмады. Бұған: үй, отау, жан басы, тұяқ ақысы, шар ақысы, болыстық сайлау ақысы сияқты т.б. салық түрлері қосылып, соңында ояздың атынан жылу жинау әдеті заңдастырылды.

1867-1868 жылдары салық төлеудің арнайы ережесін қабылданды. Осы ереже бойынша жергілікті қазақтардан алынатын түтін салығы (*бір отбасынан алынатын салық*) екі есе өсіріліп, салық мөлшері 3 сомға (ірі жылқының құны) көтерілді. 1891 жылы далалық ереже қабылданып, қазақ елін отарлаудың бұрынғыдан едәуір жетілдірілген жаңа заңы күшіне енді. Осы ереже бойынша түтін салығы 4 сомға көтерілді.

Бұл салық түрлерінен тақыр кедейлердің өзі құтыла алған жоқ. 1901 жылы Ақмола облысы бойынша қойының саны 25-ке жеткен 18 046 түтін әрқайсысы 4 сом 7 тиын салық төлеген. 25-тен 100-ге дейін қойы бар 6410 түтіннің әрқайсысынан 10 сом 86 тиыннан қаржы алынған. Малының саны бұдан да көп 596 түтіннің әрқайсысы 32 сом 9 тиыннан төлесе, қой саны 400-ден асқан 26 түтіннің әрбірі 199 сом 50 тиыннан салық төлеген. Бұл тек қой салығы ғана, басқа салықтар бұның сыртында.

Ақ патшаның үкім-жарлығын орындауға сайланған болыс-ауыл- найлар үшін 1867-1868 жылдары қабылданған ережелерде көрсетілгендей, «игілікті істер үшін» жиналатын салықты халық «шығын» деп атады. Ақын Шортанбай Қанайұлының сөзімен айтсақ:

*Кедей қайтіп күн көрер,
Жаз жатаққа жатқаны,*

*Жаздай арық қазғаны,
Күздей пішен шапқаны,
Оны-мұны жизғанын,*

Шығын деп тілмәш алады («Дала жырлары», Мәскеу, 1940, 268-б).

1867-1868 жылдарда енгізілген жаңа ереже бойынша Ресей үкіметіне бағынышты бүкіл аумаққа біртұтас «түтін салығы» енгізілді. Ол жыл сайын бір рет әрі үй басынан ақшалай алынып тұрды. Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлығындағы қазақтар 3 сомнан, ал, Түркістан генерал-губернаторлығындағы қазақтар 2 сом 75 тиыннан төлеп келді. Мал санағы 3 жылда бір рет өткізілді. Малдың санын жасырғандарға салық екі есе көп салынды.

Сонымен қатар, 1879 жылы Ертіс бойын қоныстанған қазақтарға (*Омбы мен Семей арасындағы*) арналған «ремонтная пошлина» дейтін салық түрі пайда болды. Мөлшері бар малдың 1 пайызына тең. Сол сияқты, көшпелі қазақтар жаз жайлауға шыққанда үкімет иелігіндегі аумақтан мал айдап өтетін болса «прогонная пошлина» деген баж салығын төлеу міндеттелді.

Бұдан басқа «специальное повинности» дейтін міндеттеме бойынша орыстың ұлық-шенеуніктері келе қалған жағдайда оларды баратын жеріне жеткізіп салу, мұқтаждығын көтеру қазақтарға тегін міндет етілді.

1894 жылы Ресейдің Ішкі қауіпсіздік министрі төтенше жағдай туғанда халықтан салық жинау туралы ережені бекітті. Бұл салық уақыт өте келе, қайткен күнде орындауға тиіс «парызға» айналды.

Салық жинаушы шенеуніктертұрғындардың санын азайтып көр-сетіп, артық жиналған салықты өзара бөлісіп алып отырды. Сөзімізді түйіндеп айтсақ, отарлаушылар Қазақ даласы мен Түркістан өлкесін майшелпекке айналдырды.

Бекен Қайратұлы, ҚР мәдениет қайраткері